

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

СУ ЖАСТАРЫМЫЗДЫҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТЫП, БОЛАШАҒЫН ЖАРҚЫН ЕТЕДІ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақжәшік Ақшамы Газеті

• Қор Арал теңізін құтқаруға бағытталған халықаралық қолдау шараларын шоғырландырып, бірлескен бастамаларды іске асыруда айтарлықтай рөл атқарады. Қазақстан Қорға төрағалық ету барысында барлық құрылтайшы мемлекеттердің қатысуымен көптеген өзекті міндеттердің шешімін табуға дәйекті түрде ықпал етті. Мысалы, су-энергетика саласындағы ынтымақтастық нығайтып, жобаларды қаржыландыру тетіктері кеңейіп келеді. Қордың Атқарушы комитетінің үйлестіру қызметін арттыру жөнінде шаралар қабылданды. Халықаралық әріптестермен, соның ішінде БҰҰ құрылымдарымен, қаржы институттарымен және донорлармен ықпалдастық күшеюде. Халықаралық табиғатты қорғау бастамалары аясындағы жұмыс жанданды. Қордың Атқарушы комитеті бірқатар маңызды жиынға, атап айтқанда, Рияд қаласында өткен One Water саммитіне, Найробиде ұйымдастырылған БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі 7-ші Ассамблеясына, сондай-ақ Бакудегі COP-29 және Белендегі COP-30 конференцияларына қатысты. Арал теңізі бассейніндегі елдерге көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына және Орталық Азияның тұрақты дамуы үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Өңірлік бағдарламасына жіті назар аударылып отыр. Сонымен қатар халықаралық ұйымдардың қатысуымен 30-дан аса өңірлік жоба жүзеге асырылуда. Аталған бағдарламалар мен бастамаларды қаржыландырудың жалпы көлемі екі миллиард доллардан асады. Қазақстанның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен серіктесе отырып әзірлеген 2026-2029 жылдарға арналған Өңірлік жол картасы Арал маңы тұрғындарының денсаулығын жақсартуға және әл-ауқатын арттыруға үлес қосады.

• Теңіздегі су көлемінің 18,9-дан 23,5 текше шақырымға дейін ұлғаюы Арал маңындағы балық шаруашылығына, жалпы әлеуметтік-экономикалық ахуалға жағымды әсер етті. «Арал» геопаркі құрылды. Бұл – аумақтың орнықты даму үлгісі бола алатын бірегей табиғи әрі ғылыми нысан. Жобаның басты мақсаты – Арал теңізінің табиғи-экологиялық және тарихи мұрасын сақтау. Қазіргі уақытта оны ЮНЕСКО геопарктері жаһандық желісінің нысандары қатарына қосу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

• Арал бассейніндегі экологиялық ахуал алаңдатарлық. Оны барлығыңыз жақсы білесіздер. Арал маңындағы климат айтарлықтай өзгеріске ұшырады: жаздағы ауа температурасы орта есеппен 2-2,5 градусқа көтерілді, құрғақшылық күшейіп, қыс суық бола тұрты. 100 шақырым шеңберінде жауын-шашын көлемі азайды. Құмды дауыл жиіледі. Аралқұм шөлінен жыл сайын ондаған миллион тонна тұз, құм, түрлі химиялық заттар атмосфераға көтеріледі. Олар өлемнің ең шалғай түкпірлерінен, мәселен, Солтүстік Мұзды мұхиттан табылып, алыс аумақтағы топыраққа, экокүйеге және адамдардың денсаулығына зиян келтіріп отыр. Теңіз табанынан ұшқан тұзды шаңның Тянь-Шань мен Памир мұздықтарына дейін жетуі алаңдаушылық туғызды. Дүниежүзілік метеорология ұйымының мәліметіне сүйенсек, мұздықтар үшін кейінгі гидрологиялық жыл бақылау жұмыстары басталғаннан бергі (1950 жылдан) ең нашар кезең болған. Мұздықтардың азаюы тұтас аймақтағы су қауіпсіздігіне қатер төндіруде. Сондай-ақ су тұтыну көлемі тұрақты түрде артып келеді. Барлық су ресурстарының 80 пайыздан астамы ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылады, яғни, суармалы жүйедегі шығын азаймай тұр. Мұндай жағдайда келісілген және ұзақмерзімді шешімдер әзірлеген жөн. Стратегиялық тұрғыдан маңызды әрі ауқымды шешімдерді бірлесіп қабылдап, өнімді жұмыс істей алатынымызды әлемге паш етейік.

• Су проблематикасы назар аударатын өзекті мәселе. Бұл ұлттық деңгейдегі немесе тактикалық емес, әлемдік маңызы бар стратегиялық міндет. Сондықтан нақты іске көшу керек. Қор жұмысының ұйымдастыру механизмдерін жаңарту да өзекті. Сол арқылы Ұйым қызметінің қолданбалы сипаты күшейе түседі. Біздің ойымызша, Қордың өңірге ортақ платформа ретіндегі рөлін нығайта түскен жөн. Осылайша, су, экология және орнықты даму мәселелерін Орталық Азия елдерінің мүддесіне сай тиімді шешуге болады. Бұған дейін қалыптасқан өзара ықпалдастықты дамытқан дұрыс. Халықаралық сарапшылардың бақылауына, соңғы жылдары су мәселесінде аймақ елдері өз мүдделерін алға шығарып отыр. Яғни халықаралық аспектілер, өзара ынтымақтастық, соның ішінде көршілес мемлекеттердің қажеттілігі ескерілмейді. Олардың пікірінше, су-энергетика саласында тепе-теңдіктің болмауы, трансшекаралық өзендерді басқару тәртібінің бұзылуы, экологиялық зардаптың салдарын елемей – негізгі себеп. Дәл осындай қиын жағдайда ер елдің суға қатысты стратегиясын ұштастыруға ұмтылып көру керек. Бұл су үнемдеу ісіндегі озық тәжірибелерді кеңінен таратуға мүмкіндік береді. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының былтырғы Консультативтік кездесуінде халықаралық стандарттарға сүйене отырып, Суды пайдалану жөніндегі негіздемелік конвенция қабылдауды ұсынған едім. Мұндай конвенция қабылдау көпжақты ықпалдастықты келісілген қағидаттарын бекітуге және трансшекаралық суды пайдалануды тиімділігін арттыруға жол ашады. Осы мәселеге зейін қоюларыңызды сұраймыз.

• Қазақстан мен Өзбекстан Сырдария бассейніндегі он учаскені автоматтандыруға кірісті. Осы тәжірибені Арал теңізіненгі барлық бассейнге енгізуге болар еді. Қорды институционалдық тұрғыдан одан әрі дамыту мәселесі өзекті. Бұл үдеріс біршама созылып кетті деп ойлаймын. Кезек күттірмейтін міндеттің бірі – Мемлекетаралық энергетика комиссиясын құруды аяқтау. Елдерімізді тұрақты әрі сенімді түрде сумен қамту бойынша энергетика саласындағы іс-қимылды үйлестірудің маңызы зор екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан, біздің ойымызша, Қордың су шаруашылығы және энергетика комиссияларының отырыстарын ұштастырған жөн. Ең әуелі, мемлекетаралық энергетика комиссиясының Сырдария өзені бассейніндегі жұмысын жолға қою орынды деп санаймыз. Одан кейін ықпалдастық тетіктерін жетілдіре отырып, Арал теңізінің тұтас бассейнін қамту арқылы бұл форматтың аясын кеңейтуге болады. Бірнеше кезеңнен тұратын мұндай тәсіл аймақтағы барлық елдің мүддесін сақтауға мүмкіндік береді, – деді Қазақстан Президенті.

• Бүгін Өңірлік экологиялық саммиттің пленарлық отырысында БҰҰ-ның мамандандырылған институты ретінде Халықаралық су ұйымын құру туралы бастаманы қайта көтерді. Мұндай құрылымды жасақтау – уақыт талабы. Бұл бастаманы халықаралық су қоғамдастығы да қолдап отыр. Аталған тетік аймақтағы су қауіпсіздігін сақтау мәселесінде әлемдік қауымдастықтың күш-жігерін шоғырландыруға ықпал етеді. БҰҰ аясында жұмыс істейтін мұндай институт ешбір елге, әсіресе, Орталық Азия мемлекеттеріне зиянын тигізбейді. Сондықтан осы бастамаға қолдау көрсетулеріңізді сұраймын. Тіпті, оны Біріккен Ұлттар Ұйымына Орталық Азия елдерінің ортақ жобасы ретінде ұсынуға болады. Осылайша, Орталық Азияның бірқатар мемлекеттерінің астаналарында UN Water ұйымының жекелеген сегменттерін ашуға мүмкіндік туады. Бұдан бөлек, БҰҰ аясында Арал су жүйесінің, Өмүдария мен Сырдария өзендерінің халықаралық күндерін бекіту туралы бірлесіп бастама көтерген жөн. Сол арқылы Аралдың су экосистемасын сақтау мәселесіне әлем назарын аудара аламыз. Мен айтқан ұсыныстардың барлығы біздің ортақ мүддемізге сай келеді. Бұл – саяси популизм емес, оның ешқандай астары да жоқ.

• Аймақтың тағдыры тек қана өз қолымызда, сенімді диалог пен елдеріміз арасындағы тығыз ынтымақтастыққа тікелей байланысты. Құрметті әріптестер, президенттер, қадірлі бауырлар, бәріңіз су мәселесінің маңызын жақсы түсінетін ықпалды әрі тәжірибелі азаматсыздар. Өңірде су болмаса, Орталық Азия елдерінің де күні қараң. Су жастарымыздың тұрмысын жақсартып, болашағын жарқын етеді. «Су – тіршілік көзі». Бүгінгі саммит Халықаралық Аралды құтқару қорының қызметіне тың серпін беріп, халықтарымыздың игілігі жолындағы өңірлік өзара ықпалдастықтың жаңа кезеңіне айналады деп сенемін.

(Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында сөйлеген сөзінен)



ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫ:

2026 жылғы 06 мамыр

**Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев
Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің бірінші орынбасары бо-
лып тағайындалсын, ол бұрынғы
атқарған лауазымынан босатылсын.**

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 6 мамыр
№ 1267

НӘЛІБАЕВТЫҢ ТӨРТ ЖЫЛЫ – СЫР БОЙЫНЫҢ СЕРПІЛІСІ

Осыдан тура 4 жыл бұрын, 2022 жылдың 2 сәуірінде Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Қызылорда облысына әкім болып тағайындалды. Күні кеше Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жарлығымен Үкімет басшысының бірінші орынбасары болып қызмет ауыстырды. Ел ішінде Нұрлыбек Машбекұлының 4 жылдық әкімдік қызметінде жасаған игі істерін тізбектеп жазып жатқандар аз емес. Оқырмандар назарына соның бірқатарын ұсынғанды жөн көрдік.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, ғалым Айман АЙТБАЕВА:

ЖОҚТЫ БАР ҚЫЛДЫҢ

Сен мықтысың! Сенің іскерлігіңе сөз жоқ, Сенің табандылығыңа сөз жоқ, Сенің туған жерге деген махаббатыңа сөз жетпейді.

Ойлап қарасам, Сыр атырабына кілең мықтылар әкім болған екен. Сен ол саптан суырылып алға шықтың. Жоқты бар қылдың, жігітті нар қылдың, құбыланды ар қылдың! Сенің күшің жетпеген іс қалмапты, ақылың жетпеген шешім болмапты.

Сен соңыңа ергендерді сатқан жоқсың, ешкімнің ту сыртынан атқан жоқсың. Атылғанға айбат, қағынғанға қайрат көрсеттің. Жылағанды жұбаттың, қамыққанды қуанттың!

Өнеріңді өрістеттің, әрбір істі келісті еттің.

Алдына салғаның ата, арқалағаның бата болды!

Балалардың бақытына дәнекер болдың, аналарды аспандаттың. Мықтыларды марапаттадың.

Ең бастысы, сонау гасырдан тін тартқан қаланы болашақпен астастырдың! Қазір Сыр елі мүлде басқа!

Бәрі мықтылығыңның арқасы! Рәкет саған, айналайын бауырым!

Азаматтың бағасын білген Президентке мың алғыс!

Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ:

СОҢҒЫ ТӨРТ ЖЫЛ - ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ӨРЛЕУ ДӘУІРІ

Көпшілік Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың Үкімет басшысының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалуын зор ықыласпен қабылдап, жылы лебіздерін білдірді. Біз де Парламенттегі әріптестерімізбен бірге оны жаңа жауапты лауазымымен шын жүректен құттықтап, игі тілегімізді жеткіздік. Қазақ «елдің батасын алған ердің еңбегі жанады» дейді. Халық сенімі мен қолдауы әрдайым азаматты биік белестерге жетелейді, алайда кез келген жетістіктің өлшемі – нақты іс пен нәтижелі еңбек.

Сыр өңірінде соңғы жылдары жүзеге асқан ауқымды өзгерістер аймақтың даму бағытын жаңа деңгейге көтерді. Осы үдерісте елдік мүддені ту етіп, жүйелі басқару мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білген Нұрлыбек Машбекұлының еңбегі жұртшылық тарапынан жоғары бағаланды.

Соңғы 4 жылда өңірде инвестициялық серпін айқын байқалды. Бұрын инвестиция көлемі бойынша артта қалған аймақ бүгінде көш басына шықты. Бұл кезеңде 2 341 млрд теңге инвестиция тартылып, көрсеткіш 2,6 есеге артты. 2025 жылдың өзінде 775 млрд теңге игеріліп, жоспар асыра орындалды. Инвестицияның 70%-дан астамы жеке сектор есебінен тартылып өңірге деген сенімнің артқанын айғақтайды.

Инфрақұрылым саласында да елеулі ілгерілеу бар. Қала келбеті жаңарып, 11 000 орындық заманауи стадион, жаңа әуежай терминалы, Өнер орталығы, Достық үйі, автовокзал және бірқатар әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Қоғамдық кеңістіктер абаттандырылып, Президент паркі мен «Анаға тағзым» орталығы ашылды. Тұрғын үй құрылысы қарқын алып, халықтың баспана мәселесін шешуге нақты қадамдар жасалды.

Көлік және жол инфрақұрылымы да жаңғыртылды. Қала ішінде 4 жолақты даңғылдар салынды, өңіраралық байланыс күшейді. Жезқазған бағытындағы жолдың аяқталуы және Қызылорда - Ақтөбе автодәлізінің басталуы өңірлік экономиканың дамуына серпін берді. Теміржол вокзалдары мен автобус паркі жаңартылып, жедел жәрдем көлігі 100% жаңғыртылды.

Оның басқару кезеңінде инвестициялар тартылып ірі инфрақұрылымдық жобалар қарқын алды. Сыр өңірі құрылыс алаңына айналды. Соның арқасында бірнеше мыңдаған тұрғындар жұмыспен қамтылды. Өндіріс, құрылыс, газдандыру, мәдениет пен өнер, білім және денсаулық сақтау салаларына қажетті жүздеген нысандар бой көтерді. Қызылорда қаласы мен ау-

дан орталықтары келбетін өзгертті. Аймағымыздың шеткі елді мекендерінде ел-жұрттың көптеген жылдар бойы күтіп жүрген әлеуметтік зәру мәселелері оң шешімін тапты. Халықтың тұрмыс сапасы жақсарды.

Нұрлыбек Машбекұлы – сөзбұйдаға жаны қас, жедел, нәм нақты шешімнің адамы. Нұрлыбек Машбекұлы – ескерімділіктің үлгісі. Нұрлыбек Машбекұлы –

Өндіріс пен энергетика саласында жаңа жобалар іске қосылды. Кірпіш және нан зауыттары, жүгері өңдеу кәсіпорны, газ-электр станциясы және жылу-электр орталығының құрылысы өңірдің экономикалық әлеуетін арттырды. Барлық бастамалар өндірістік базаны кеңейтіп, энергетикалық тұрақтылықты нығайтуға бағытталды.

Білім беру мен мәдениет саласында да жүйелі жаңғыру жүріп жатыр. «Келешек мектептері» салынды, музыкалық колледж, оқушылар үйлері және дарынды балаларға арналған орталықтар ашылды. Барлық аудандарда рухани орталықтары бой көтеріп, театр мен кітапхана жобалары жүзеге асуда.

Денсаулық сақтау жүйесі де жаңаша деңгейге көтерілді. Аудандар заманауи КТ және МРТ аппараттарымен қамтамасыз етіліп, ауылдық жерлерде ондаған фельдшерлік-акушерлік пункт салынды. Перинаталдық және емханалық нысандардың жаңаруы медициналық қызмет сапасын айтарлықтай жақсартты.

Коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылым да дамыды. Ауылдарды газдандыру кеңейіп, қалада ыстық су жүйесі енгізілді. Көшелер жөнделіп, жарықтандырылып, абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Аталған жетістіктер қысқа уақыт ішінде жүзеге асқан ауқымды реформалардың нәтижесі. Бұл – басқарудағы жүйелілік пен нақты нәтижеге бағытталған еңбектің көрінісі. Қызылорда облысы осы кезеңде тек дамып қана қойған жоқ, өзінің жаңа экономикалық және әлеуметтік даму траекториясын қалыптастырды.

Сондықтан Нұрлыбек Машбекұлының жоғары қызметке көтерілуі - елге сіңірген еңбектің және нақты нәтижелерге негізделген басқарушылық тәжірибенің заңды жалғасы. Ел сенімі - ең жоғары баға, ал сол сенімді ақтау - үлкен жауапкершілік.

Алдағы уақытта да тәжірибесі мен ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, ел мүддесін берінен биік қоятын Нұрлыбек Машбекұлы мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қоса беретініне сенім мол.

іскерлік пен тәжірибе мектебі.

Нұрлыбек Машбекұлы – туған жерге тамырын байлаған, перзенттік парызын маңдай термен, еңбекқорлықпен, тіпті бейнетқорлықпен өтеп жүрген азамат.

Нұрлыбек Машбекұлы «Үлкен кемеге, шалқар теңіз керек» дегендей Үкімет жұмысын жаңа деңгейге көтереді деген сенімдемін. Қызметіне сәттілік серік болсын деп тілеймін.

ҚЫЗЫЛӨЗЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕР ШАЛАБАЕВ ҚАЙЫРЖАН ШАКИРОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ

Шалабаев Қайыржан Шакирович 1967 жылы 7 желтоқсанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ұлты – қазақ, білімі – жоғары.

Еңбек жолын орта мектепті бітіргеннен кейін жұмысшы болып бастаған. 1985 жылы «Қызылорда колхозстрой» мекемесінде тас қалаушы, 1987-1988 жылдары СПТУ-9 училищесінде оқытушы, 1988-1991 жылдары КЭРМЗ мекемесінде қайраушы, 1991-1993 жылдары байланыс бөлімшесінің бастығының көмекшісі болып еңбек етіп, 1993-1997 жылдары Гоголь атындағы педагогикалық институттың «Бизнес және менеджмент» мамандығы бойынша білім алған. 1998-1999 жылдары облыстық кәсіпкерлік қолдау басқармасында аға маман, 1999-2004 жылдары жетекші маман, 2004-2005 жылдары Қызылорда қалалық экономика бөлімінің жетекші маманы, 2005-2013 жылдары Қызылорда қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің бас маманы, 2013-2023 жылдары Қызылорда қалалық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің сектор басшысы, 2023 жылдан бастап Қызылорда қалалық экономика және қаржы бөлімі КММ-нің экономикалық, инвестициялық саясат секторының меңгерушісі.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерінің диалог алаңында ауылды дамыту басты назарда екенін атап айтты. «Ауыл – төл өркеніміздің алтын қазығы. Ауылды өркендету – баршаға ортақ парыз. Мемлекет бұл мәселеге ерекше жауапкершілікпен қарайды. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылы халыққа ұсынған сайлау алдындағы бағдарламада ауыл мәселесіне айрықша назар аудардым. Алғашқы Жарлығым да ауылды дамытуға арналды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленді. Қазіргі таңда осы құжатқа сай нақты жұмыс атқарылып жатыр. Жұырда ғана Ауыл еңбеккерлерінің екінші форумын өткізіп, осы саладағы өзекті мәселелерді қарадық. Ал бүгін ауыл-аймақтардың даму бағдарын айқындаймыз. Бұл – мемлекеттің алдында тұрған стратегиялық міндеттің бірі. Соңғы жылдары ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. 2022 жылы халықтың табысын арттыруға арналған қажетті жоспар қабылданды. Биыл Үкімет алдағы бес жылға арналған Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын бекітті. Ауылға қомақты инвестиция тартылды. 2021 жылдан бері ауыл халқына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 864 нысан салынды. Сондай-ақ 388 жаңа мектеп ашылды. Былтыр 2 мыңға жуық ауыл мектебіне сапалы интернет берілді. Жыл өткен сайын ауылдың әлеуеті артып келеді. Өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жоғары ауылдардың саны көбейе түсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі алты жылда 1,5 еседен астам өсіп, 8,3 триллион теңгеге жетті. Биыл ауылдағы шаруаларға 1 триллион теңге көлемінде қолдау көрсеттік. Дәл осындай мемлекеттік қолдау көрсеткен елдер көп емес, тіпті, бұл көптеген ел қол

жеткізе алмайтын қаржылай көмек деуге болады.

Алайда алдымызда биік мақсаттар тұр: біз ауылдағы жағдайды жақсартып, жұмысты күшейтуіміз керек», – деген еді. Мен де бүгінгі күнге дейін алған білімім мен тәжірибемді ауылды дамытуға жұмсағым келеді.

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР:

- Қызылөзек ауылы тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, әлеуметтік қамсыздандыру салалары бойынша мемлекеттік бағдарламалардың әлеуетін пайдаланып, шағын кәсіпкерлікті дамуына жол ашу.
- Ауылда шағын кәсіптің дамуына жағдай жасап, халықтың табысын арттыруға мүмкіндік жасау.
- Ауылда салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыра отырып, бюджетке басқа да міндетті төлемдердің түсу көлемін арттыру бағытында тиісті шаралар қабылдау;
- Ауылдағы жөндеуді қажет ететін көшелерді жөндеу жұмысын жалғастыру, ауылға газ тарту жұмысын жеделдетуге ықпал ету;
- Ауыл тұрғындарымен бұқаралық спорттық іс-шараларды жүйелі өткізу;
- Жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға арналған спорттық секциялардың жұмысын жандандыру;
- Құқықбұзушылық пен қылмыстың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуына бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;
- Ауылда қылмыстың, тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында құзырлы мекемелермен бірлесіп, бейнебақылау камераларын орнатуға ықпал ету;
- Ауылдағы үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру.

ЗЕБЕШЕВ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫТАЙҒА ІС САПАРЫ НӘТИЖЕСІ

Мемлекет Басшысының инвестиция тарту, өндірісті дамыту және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі тапсырмасына сәйкес Қызылорда облысы шетелдік әріптестермен өзара тиімді байланыстарды жүйелі түрде дамытып келеді. Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі облыс әкімінің орынбасары А.Зебешев бастаған делегацияның Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары болды.

2026 жылғы 27–29 сәуір аралығында өткен іссапар аясында делегация Пекин, Даянь және Чанчунь қалаларында жоғары деңгейдегі кездесулер өткізіп, бірқатар стратегиялық инвестициялық жобаларды талқылады.

Агроөнеркәсіп және су ресурстары саласындағы серіктестік бойынша Даянь қаласында қала әкімінің орынбасары Чжао Дунмен кездесу барысында ауыл шаруашылығы, су үнемдеу технологиялары және ирригациялық инфрақұрылымды жаңғырту мәселелері қаралды. Атап айтқанда «Юлин» компаниясымен Қызылорда облысында заманауи суару технологияларын енгізу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Бұл жоба су ресурстарын тиімді пайдалануға, аграрлық секторды жаңғыртуға және ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қытай тарапы аталған бастаманың өңір үшін жоғары әлеуетке ие екенін атап өтті.

Машина жасау және көлік-логистика саласы бойынша Чанчунь қаласында Цзилнь провинциясы басшылығымен өткен кездесуде машина жасау және теміржол индустриясы салаларындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. «Марал-Нұр» ЖШС вагон жасау зауыты жобасын, қытайлық серіктестермен бірлесіп жүзеге асыру жоспарлануда.

Бұл бастама өңірде жаңа өндірістер ашуға, технология трансферін қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуетті арттыруға жол ашады.

Өнеркәсіп және инвестициялық жобалар бойынша Пекин қаласында «ТІСА» компаниясымен желдету және ауаны баптау қондырғыларын өндіру жобасы бойынша келіссөздер жүргізіліп, жергілікті «Тау Групп» компаниясымен меморандумға қол қойылды. Жобаның алғашқы кезеңін іске асыру 2026 жылға жоспарланған.

Сондай-ақ, «HongDa» компаниясымен Жаңақорған ауданындағы қорғасын-мырыш кен байыту фабрикасы жобасы талқыланып, құны 120 млн. АҚШ долларын құрайтын жоба бойынша ынтымақтастық нығайтылды. Құрылыс жұмыстары 2027–2028 жылдары жүзеге асырылады деп күтілуде.

Бұдан бөлек, «XINDA TRANSFORMER CO., LTD» компаниясымен трансформаторлар өндіру



және индустриялық парк құру жобасы пысықталды. Жоба аясында бірнеше өнеркәсіптік кәсіпорын ашу жоспарланып отыр.

Ауыл шаруашылығындағы жаңа бағыттар да кең өріс алуда.

Қытайлық «Yunguan Xinjia Supply Chain Management» компаниясымен техникалық қарасора өсіру және оны терең өңдеу арқылы фармацевтикалық өнім өндіру жобасы талқыланды. Бұл ауыл шаруашылығын әртараптандыруға және инновациялық бағытта дамытуға мүмкіндік береді.

Іссапар қорытындысы бойынша бірқатар қытайлық компаниялармен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Жобаларды кезең-кезеңімен іске асыру өңірге инвестиция тартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экономиканың әртараптануына серпін береді.

Қытай Халық Республикасымен дамып келе жатқан стратегиялық әріптестік Қызылорда облысының өнеркәсіптік әлеуетін арттырып, инвестициялық белсенділікті күшейтуге және өңір экономикасын жаңа сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

ҚҰРҒАҚ ҰНТАҚ ТҮЙЕ СҮТІ ҚЫТАЙҒА ЭКСПОРТТАЛАДЫ

Арал ауданында жүзеге асырылып жатқан «Qazaq Camel» серіктестігінің түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіру жобасының жалпы құны 3 млрд. теңгені құрайды. Жылына 392 тонна өнім өндіру жоспарланған. Жоба Бірыңғай индустриаландыру картасына енгізілген. Мемлекеттік қолдау аясында индустриялық аймақтан 1 гектар жер телімі бөлінді.

Сонымен қатар «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы Қытай Халық Республикасынан қажетті технологиялық жабдықтарды сатып алуға 1,8 млрд. теңге қаржы қарастырылған. Өнімді өткізу бойынша оффтейк-

келісімшарт жасалып, алдағы 10 жыл ішінде өнім толықтай Қытай нарығына экспортталатын болады.

Жобаның әлеуметтік маңызы зор. Арал өңірінде шамамен 23 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылады. Қазіргі таңда негізгі өндірістік ғимараттардың құрылысы аяқталып, технологиялық қондырғыларды монтаждау жұмыстары толық жүргізілді. Кәсіпорын жақын арада іске қосылады.

Елімізде түйе сүтін өңдейтін кәсіпорындар бар болғанымен, өнеркәсіптік деңгейде құрғақ ұнтақ өндіретін зауыттар өте аз.

Сондықтан бұл жоба өз саласы бойынша бірегей бастамалардың бірі болып табылады.

Зауыттың Арал ауданында орналасуы өңірдегі түйе шаруашылығын дамытуға, шикізатты жергілікті ауылдардан жеткізуге, логистикалық тиімділікті арттыруға және ауыл тұрғындарының табысын көбейтуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда жобаның табысты іске асуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, халықтың тұрақты табыс табуына, экспорттық әлеуеттің артуына, өңдеу өнеркәсібінің дамуына және бюджетке түсетін салық түсімдерінің ұлғаюына оң әсер етеді.

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ

Ауданымыздың шабындық жерлерін өртеу кезінде, бақылау жасамау салдарынан өзен-көл жағалауындағы тоғайлық алқаптар өртену фактілері азаймай келеді. Сол сияқты жазғы маусымда өзен, көл жағалауларында демалыс жасау кезінде жакқан оттарын сөндірмей кету салдарынан бұталы өсімдіктердің өртену фактілері кездесуде. Ормандарда қалдырылған тұрмыстық қалдықтардан әсіресе шыны сынықтарынан ормандар бұталы өсімдіктер отқа орануы мүмкін. Өрт салдарынан бір ғана ағаштар залал шегіп қоймай, оларды паналаған аңдар мен құстар да аса көп зардап шегеді. Жоғарыда аталған жайларды баяндай келе, мемлекеттік орман қоры аумағында болған азаматтарға төмендегі жайларды ескерте кеткенді жөн санаймын.

Орман тоғайларда болған кезде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау керек.

Шабындықтар мен жайлымдарда, егістік жерлерде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамай тұрып, кез-келген жерден от қойып зартаруға тыйым салынады. Өзен-көл жағасында демалыс кезінде жакқан отқа абай болып, оттың толық сөндірілгендігін қадағалау, тұрмыстық қалдықтарды арнайы жерге қазып, көму керек.

Автокөлік темір-жол бойларындағы қорғаныштық ормандар мен жекелеген ағаш-бұталарды, жас-ағаштармен өскіндерді сындыруға, бүлдіруге жол берілмейді.

Ағаштар мен бұталарды заңсыз кескен, зақымдаған, сындырған азаматтарға ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 367 бабына сәйкес айыппұл салынады.

Ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптары мен санитариялық қағидаларды бұзу

1. Ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптары мен санитариялық қағидаларды бұзу – жеке тұлғаларға – оң, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Өрттің шығуына, адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соққан дәл сол іс-әрекет, егер бұл әрекет ірі залал келтірмесе, – жеке тұлғаларға – жиырма бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға – бір жүз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Орман және жануарлар дүниесін біздің баға жетпес байлығымыз, оны аялау, қорғау, сақтау, келер ұрпаққа бүлдірмей жеткізу баршамыздың борышымыз.

М.ЕСЕНОВ

«Арал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аға өрт сөндірушісі

СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК - ӘРБІР АДАМНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Жаз мезгілі басталысымен өзен-көлдер мен жағажайларда демалушылар саны артады. Алайда, судағы демалыс тек қуаныш пен серектік сыйлап қана қоймай, қауіп-қатерді де қатар алып келеді. Сондықтан судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау әр азаматтың басты міндеті. Қауіптің алдын алу ең тиімді жол. Статистика көрсеткендей, судағы жазатайым оқиғалардың басым бөлігі қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтамаудан болады. Атап айтқанда, рұқсат етілмеген жерлерде суға түсу, мас күйде шомылу, балаларды қарасыз қалдыру – қайғылы жағдайларға әкелетін негізгі себептер.

Суда демалу кезінде келесі қағидаларды қатаң сақтау қажет: тек арнайы жабдықталған жағажайларда шомылыңыз; белгіленбеген, тереңдігі белгісіз жерлерге түспеніз; мас күйде суға түсуге қатаң тыйым салынады; балаларды су айдындарында қарасыз қалдырмаңыз; құтқару құралдарын (жилет, шенбер) пайдаланыңыз; су ішінде қауіпті оқиғалар ойнамаңыз.

Балалар судағы қауіп-қатерді толық түсіне бермейді. Сол себепті ата-аналар мен ересектердің

жауапкершілігі ерекше. Балаларға жүзді үйрету, қауіпсіздік ережелерін түсіндіру және оларды үнемі бақылауға ұстау – қайғылы жағдайлардың алдын алудың маңызды жолы.

Мамандардың айтуынша, суға түсер алдында денені біртіндеп үйретіп, күрт суға секірмеу қажет. Сонымен қатар, ауа райының қолайсыз кезінде және су деңгейі көтерілген уақытта шомылудан бас тартқан жөн.

Су – тіршілік көзі, бірақ ол абайсыздықты кешірмейді. Әрбір азамат қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, өз өмірін де, жақындарының өмірін де қорғай алады. Жазғы демалыс тек жағымды әсер сыйлау үшін, қауіпсіздік ережелерін ұмытпайық.

Сақ болыңыз, қауіптің алдын алыңыз! Төтенше жағдай кезінде 112 нөміріне хабар беріңіз!

ЕСЕНГЕЛДНІЕВ Е. Т.

Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері азаматтық қорғау лейтенанты

2026 ЖЫЛҒЫ ІІ ТОҚСАНЫНДА «ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Есенов Жайдарбай Мырзабайұлы	«Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы	Сәрсенбі күні сағат 16:00 ден 17:00-ге дейін	Апта сайын

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы
Байланыс және Ақпарат Агенттігінде

тіркеліп
№14611-Г «7» қараша

2014 жылы күәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі

нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік
орталығында теріліп, беттелді. Газет

Қызылорда қаласындағы
«PRINT» баспаханасында

басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы,

А.Байтұрсынов көшесі, №49

Таралу аумағы:
Қазақстан Республикасы

Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың
позициясы мен фактілері үшін

редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және

авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу

үшін міндетті түрде редакцияның
рұқсаты керек.

Сурет сапасына редакция жауап
бермейді

«QYZYLORDA» ТЕЛЕАРНАСЫ - КӨРЕРМЕН КӨЗАЙЫМЫ

Биылгы жылдың сәуір айының 30-ы күні сол кездегі Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, «Қазақстан» Республикалық телерадио корпорациясы» акционерлік қоғамының бас редакторы Болат Мүрсәлім облыстық «Qyzylorda» телеарнасының жұмысымен танысты. Телеарна алғаш рет 1991 жылдың 30 сәуірінде эфирге шығып, 35 жылдан бері өңір тұрғындарын үздіксіз әрі жедел ақпаратпен қамтамасыз етіп келеді.

Осы жылдар аралығында отандық журналистиканың үздік мектептерінің бірі болып қалыптасты, арна тілшілері Тәуелсіздік жылдарындағы Сыр өңірінің шежіресін жасауға атсалысты. Шығармашылық ұжым дайындаған сюжеттерде, бағдарламаларда жұртшылықтың ойы мен пікірі, талабы мен тілегі айқын көрініс табады.

оның 6-ы тікелей эфирде көрерменге ұсынылады. Апта сайын әртүрлі бағыттағы 35-тен астам бағдарлама дайындалады. Өзіндік өнімнің үлесі 67%.

Телеарна эфирінде «Өмірдің өзі...», «Өзежарды», «Ұлт саулығы», «Қайырлы күн, Қызылорда!», «Анық-таймыз», «Құдайы қонақ», «Қызық орда», «Параллель», «Пайдалы подкаст», «Үштаған» секілді жобалар тұрақты көрсетіліп келеді. Бұл бағдарламаларда қоғамдағы өзекті мәселелер көтеріліп, көрермен сұранысына сай сапалы әрі мазмұнды ақпарат, жан-жақты сараптамалар беріледі.

Бүгінде мұнда 71 кәсіби маман еңбек етеді. Ұжым өңірдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани даму жолын жан-жақты насихаттауға өз үлесін қосып келеді.

жұмылсақ, бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Осы ортақ жұмысқа журналистер қауымы да зор үлес қосып жүр. Сіздерді реформаның қозғаушы күші деп айтуға болады», – деп атап өтті.

«Qyzylorda» телеарнасындағы білікті әрі тәжірибелі мамандар заманға сай озық техникалар мен жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланып, журналистикадағы жаңа бастамаларды ақпарат айдынына батыл енгізіп келеді.

Аймағымыздың жетекші арнасы ел өміріндегі саяси маңызды оқиғалар туралы ақпаратты жылдам таратып, жағымды жаңалықтардың хабаршысы болуда. Телеарна эфирге шыққан 35 жыл ішінде халық шығармашылығын дамыту мен жергілікті музыкалық контентті қалыптастыруға айрықша басымдық берді.

Бүгінде «Ботақан» балалар телефестивалі, «Сыр жұлдыздары» ән байқауы, «Жыр керуен», «Асыл мұра», «Сыр сүлейін сұрасаң...», «Ғасырлар үні» секілді дәстүрлі музыканы насихаттайтын тағлымды жобалар телеарнаның алтын қорын толықтырды.

Сыр өңірінің жылнамасын, Тәуелсіздік шежіресін қалыптастырудағы қажырлы еңбектеріңіз үшін Сіздерге зор ризашылығымды, алғысымды білдіремін. Ақпарат айдынында заман көшінен қалмай, жаңа медианы меңгеріп, елдікті сақтау, азаттықты баяндау ету жолында абыройлы қызмет атқара бергісіздер!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиында корпорацияның бас редакторы Болат Мүрсәлім Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтауын оқып берді. Осы компанияда ұзақ жыл басып болған, Сыр бойы журналистикасының ардагері, «Құрмет» орденінің иегері Жағыппар Қарабала сөз сөйледі.

Кәсіби шеберлігі мен телевизия саласындағы қажырлы еңбегі үшін бірқатар азаматқа Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісі, облыстың Құрмет Грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты, «Қазақстан» республикалық телерадиокомпаниясы» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

«KYZYLORDA REFINERY» – МҰНАЙ ӨңДЕУ ЗАУЫТЫ

«Qyzylorda Refinery» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мұнай өңдеу зауыты 2000 жылы құрылған, ал 2009 жылдан бері тұрақты жұмыс істейді.

Бүгінде зауыттың негізгі қызметі – мұнай өңдеу. Мазут, пеш отыны және жеңіл дистиллят секілді өнім түрлері де шығарылады. Шикізат «Кен-Ай-Ойл Қызылорда», «Кристал Менеджмент» АҚ, «Галаз және компания» серіктестіктері арқылы жеткізіледі.

Зауыттың жобалық қуаты жылына 100 мың тонна мұнай өңдеуге есептелген. Қазіргі таңда өндірістік жүктеме 50 мың тонна. Өнімдер Қазақстан, Қырғызстан және Ресей нарықтарына жөнелтіледі. Кәсіпорында 95 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Бірінші тоқсан қорытындысымен 9,5 мың тонна мұнай өнімдері өндірілді. Алдағы бағыт өндіріс көлемін ұлғайтып, өнім түрлерін әртараптандыру. Атап айтқанда нафта (ауыр және жеңіл), еріткіштер, керосин және түрлі отын түрлерін шығару көзделген. Сонымен қатар кәсіпорын «К5 экологиялық класты мотор отындарын өндіретін мұнай өңдеу зауыты» инвестициялық жобасын іске асыруды жоспарлаған. Жобаның жалпы құны 22,9 млрд. теңге, іске асыру мерзімі 2029 жылға белгіленген.

Бұл бастамалар өңірдің индустриялық әлеуетін арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экономиканың тұрақты дамуына серпін береді.

ЗАМАНАУИ САУДА-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ҚҰРЫЛАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Сыр өңіріне арнайы іссапармен келген «Vana International Holding» халықаралық компаниясының өкілдерімен кездесті.

Кездесуде тараптар әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту, оны сенімгерлік басқаруға беру арқылы заманауи тетіктерді енгізу және халықаралық стандарттарға сай тиімді логистикалық хаб қалыптастыру мәселелерін талқылады. Қызылорда облысының әкімдігі мен «Vana International Holding» компаниясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Жаңа жоба өңірдің транзиттік әлеуетін арттырып, ішкі және халықаралық көлік дәліздерімен тиімді интеграциялануына жол ашады. Сонымен қатар аймақтың инвестициялық тартымдылығына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына серпін бермек.

2024 жылғы 12 қарашада Премьер-министр Олжас Бектеновтің

қатысуымен Қызылорда қаласында «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы пайдалануға берілген болатын. Заманауи талаптарға сай нысан өңірдің көлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтерді.

Қазіргі уақытта әуежайдан аптасына 28 рейс, атап айтқанда, Астана қаласына 20, Алматы қаласына 8 рейс ұшады. Өткен бірінші тоқсанда әуежай логистиканы пайдаланған жолаушылар саны 47,6 мың адамға жетіп, былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 58,5 пайызға артқан.

Әуе тасымалына деген сұраныстың тұрақты өсімі, жүк айналымының ұлғая бастағандықтан Қызылорда облысын ірі көлік-логистикалық тораптардың біріне айналдырады.

Жоспарланған сауда-логистикалық орталық тек инфрақұрылымдық жоба ғана емес, өңір экономикасының жаңа драйверіне айналатын және халықаралық сауда, инвестиция ағынын бұруға бағытталған стратегиялық қадам болмақ.



Телеарна ғимараты үш және төрт қабатты екі блоктан тұрады, жалпы аумағы 3500 шаршы метр. Заманауи талаптарға сай жабдықталған 4 студия бар. Атап айтқанда қоғалымдық хабарларға арналған түсіру павильоны, жаңалықтар, виртуалды және дыбыс жазу студиялары. Биыл ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, материалдық-техникалық базасы жаңартылды.

Бүгінде телеарна цифрлық форматта тәулігіне 15 сағат хабар таратады. Жаңалықтар күніне жалпы 8 рет,

«QYZYLORDA» телеарнасының 35 жылдық мерейтойына орай «Достық үйінде» салтанатты шара өтті.

Сол кездегі аймақ басшысы Н.Нәлібаев телеарна ұжымын мерейтойымен құттықтап, өңірдің ақпараттық кеңістігін дамытуға қосқан елеулі үлесін атап өтті.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз озық ойлы ұлт болуымыз қажет. Көш бастайтын өлдердің қатарына қосылуымыз керек. Бір ел болып, жұдырықтай

«СҰҢҚАР» ЗЫМЫРАН ТАСЫҒЫШЫ ҰШТЫ

Байқоңыр ғарыш айлағынан «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешені арқылы «Союз-5/Сұңқар» перспективті зымыран тасығышының алғашқы сынақ ұшырылымы сәтті жүзеге асырылды. Бұл ғарыш айлағы тарихындағы маңызды бетбұрыс болып саналады. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі таратқан ақпаратқа қарағанда, ұшу-конструкторлық сынақтар аясында зымыранның бірінші және екінші сатылары штаттық режимде жұмыс істеп, габариттік-массалық макет есептелген траекторияға сәтті шығарылған.

Бұл еліміздің әлемдік ғарыштық қызмет көрсету нарығындағы үлесін арттыруға, күрделі инженерлік нысанның пайдалануға дайын екенін растады.

«Бәйтерек» кешенінде жерүсті инфрақұрылымын жаңғырту, ұшыру жүйелерін басқару, жанармай құю және қауіпсіздік жүйелерін салу мен бейімдеуде ауқымды жұмыс атқарылған. Автоматтандыру және қауіпсіздік талаптарына толық жауап беретін заманауи кешен құрылған. Зымыран кешенінің сәтті ұшырылуы ғарышты игеруде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Еске салайық, «Бәйтерек» БК» АҚ - Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны. Экологиялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейімен, экономикалық тиімділігімен және ұшу алдындағы операциялардың толық автоматтандырылуымен ерекшеленеді.

ТАСБӨГЕТТІҢ КӨШЕЛЕРІ ЖӨНДЕЛУДЕ



Қызылорда облысы әкімі Тасбөгет кентіндегі жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Жобаның бас мердігері «УАД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 5,1 млрд. теңгенің жобасы аясында 4,4 шақырым көшелерді, атап айтқанда, Н.Назарбаев даңғылының 1,2 шақырымын күрделі жөндеуде. Кенттегі Есенов және Амангелді көшелерін төрт жолақтыға кеңейту қолға алынған. Жаяу жүргінші жолы, су ағатын арнайы лотоктар орнатылуда. Жаңа асфальт төселіп, заманауи жарықшамдар орнатылады.

Соңғы жылдары өңірдегі жол инфрақұрылымы жобалары қарқынды әрі жүйелі. 2022-2026 жылдары 1700 шақырым автомобиль жолы мен 35 көпір өткелін салу, күрделі жөндеу үшін 185,8 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Төрт жыл ішінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар үлесі 82-ден 95 пайызға дейін артты.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес қала ішіндегі негізгі көшелермен қатар, шет аймақ жолдарын жөндеуге де басымдық берілген. Қазіргі уақытта көшелер жаңартылып, жол сапасы

артты және тұрғындарға қолайлы жағдай жасалуда.

Биыл 23,6 млрд. теңгеге қаладағы, қалаға қарасты кенттер мен ауылдық округтердегі 70 көше қайта жаңғыртылады, күрделі және орташа жөндеуден өтеді.

Өткен жылы көлік кептелісін азайту және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру үшін бірқатар көше кеңейтілді. Атап айтқанда әуежай, Шиеліден кіреберіс, Бейбарыс сұлтан көшесінен Өбілқайыр хан көшесіне дейінгі аралық, Қожа Ахмет Яссауи, Жаппасбай батыр көшелері мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төрт жолақты болды.

Сонымен қатар Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейінгі жол құрылысы жүргізілді. Арал қаласы мен Жаңақорған кентінде теміржол арқылы өтетін көпірлер, Қызылорда қаласы мен Жалағаш кентінде жаяу жүргінші өткелдері пайдалануға берілді.

Алдағы уақытта Қызылорда қаласындағы Бәйтерек шағын ауданына жаңа көпір салу жоспарланған. Қармақшы ауданындағы теміржол үстінде өтетін көпір құрылысы да жақын арада басталады.

КІТАПҚА АЙНАЛҒАН ҒҰМЫР

Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» белгілі қаржыгер-экономист, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Жаңақорған және Шиелі аудандарының Құрметті Азаматы Қамбарбек Амангелдіұлы Мүбәрақовтың өмірі мен қызметіне арналған «Адал дос, асыл азамат» атты еске алу кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Ғұмырнамалық кітап аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен жарыққа шықты.

Тағлымды шараны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Наурызбай Байқадамов жүргізіп, қайраткер тұлғаның өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесін ерекше атап өтті. Ол Қамбарбек Мүбәрақовтың кәсіби біліктілігі мен азаматтық болмысы кейінгі буынға үлгі екенін жеткізді.

Кітаптың құрастырушысы белгілі журналист Дүісенбек Аяшұлы жаңа туындыдағы естеліктер арқылы абзал азаматтың жарқын бейнесі, жақсы істері жаңғыра түскенін айтты.

Екі бөлімнен тұратын кітапта қаржы саласының үздігі атанған тұлғаның ата тегі, өмір жолы, қызметтік тәжірибесі жан-жақты баяндалған. Сонымен қатар елжанды азаматтың ерте үзілген ғұмырындағы кейінгі ұрпаққа өнеге болатын тағлымды тұстар кенінен қамтылған.

Жинақ мазмұнында басты кейіпкердің әріптестері, ел ағалары, жақындары мен замандастарының естеліктері топтастырылып, сол кезеңнің қоғамдық келбетін бейнелеуге мән берілген.

ЖАҢА ҮЙДЕН ЖАҢА ПӘТЕР

Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында облыс әкімі қатысуымен Қызылорда қаласының сол жағалауында жаңадан салынған көпқабатты тұрғын үй кешенінен пәтерлер иелеріне табысталды. Оған құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, Ассамблея өкілдері, «Акса Энерджи Қызылорда» компаниясының қызметкерлері қатысты.

Жалпы 380 пәтерлік тұрғын үй



кешенінің аумағы 24 мың шаршы метр, қалған үйлер биыл қазан айында тапсырылады.

Рәсімде аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Қазақстан халқының бірлігі күнімен және қоныстоймен құттықтап, тұрғын үй құрылысы саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақ жерін мекен еткен сан алуан этностың мәдениеті, діні мен дәстүрі өзара үндесіп, бірегей өркениетке айналды. Ырысты ынтымақтың арқасында халқымыздың қуаты арта түседі. Сондықтан біз бірлігімізді нығайтуға бар күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек. Бұл – әрбір азаматтың мәртебелі міндеті әрі перзенттік парызы», – деген болатын.

Айтулы мереке қарсаңында комфорт плюс санатындағы заманауи, жаңа үлгідегі «Тұран» кешенінің 7

Өңірде халықты баспанамен және әлеуметтік нысандармен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат жүзегіне асырылып келеді. Соңғы төрт жыл ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер табысталды. 2023 жылдан бері барлық ауданда шамамен 1800 жаңа пәтер пайдалануға берілді. Биыл тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 2400 пәтер беру үшін бюджеттен 55 млрд. 600 млн. теңге бөлінді.

Жаңа баспаналарыңыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, ішіндегі әр отбасының шаңырағы татулық пен берекеге толы болғай! Алдағы уақытта да компания ұжымы Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған серпінді жобаларды жүзеге асыра береді деп сенеміз. Баршаның дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! Қоныстарыңыз құтты болсын!», – деді облыс әкімі.

Рәсімде құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Назмадин Түркенұлы жаңа қоныс иелерін құттықтады.

Кейінгі жылдары қала орталығында заманауи дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер салынууда.

Аудан жаңалықтары

АЛҚАПҚА ДӘН СЕБІЛДІ

ЖАҢАҚОРҒАН ауданы әкімі Мәжит Самитовтың қатысуымен Қаратөбе ауылдық округіндегі «Сұңқар» шаруа қожалығының егіс алқабында «Дала күні-2026» семинар-кеңесі өтті.

Талғат Зейдалиев көктемгі егіске дайындық барысы туралы баяндады. Ал «Жаңақорғансушар» өндірістік учаскесінің басшысы Әбдімажит Ахметов шаруашылықтарды сумен

Аудан әкімі өз сөзінде диқандарға күрші егу науқанын агротехникалық талаптарға сай, белгіленген мерзімде сапалы аяқтаудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, су ресурстарын тиімді пайдалану, жаңа технологияларды кеңінен енгізу қажеттігіне ерекше назар



Шараға қатысушылар алдымен ауыл шаруашылығы көрмесін тамашалап, саладағы заманауи техникалар мен озық тәжірибелермен танысты. Әрі қарай шара «Дала күні» семинар-кеңесімен жалғасты. Семинарда аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы

қамтамасыз ету мәселелері туралы хабарлама жасады. «Сұңқар» шаруа қожалығының төрағасы Құлмағанбет Исаханов егіс жұмыстарына дайындық деңгейін таныстырса, «Әмір» шаруа қожалығының төрағасы Ахтан Пиренов су үнемдеу технологияларын енгізу бағытындағы тәжірибесімен бөлісті.

аударды. Жиын барысында ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелер көтеріліп, шаруалардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Семинар соңында аудан басшысы сала ардагерлерімен бірге егіс алқабына дән сеуіп, диқандарға мол өнім мен берекелі жыл тіледі.

СӘРМЕНБАЕВТЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

СЫРДАРІЯ ауданы әкімі Берік Сәрменбаев облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетовпен бірге Аманкелді ауылындағы «АКЗ ЛТД» ЖШС-нің кірпіш зауыты жұмысымен танысты. Аталған өндіріс орны Мемлекет басшысының өңірлерде өндірісті ұлғайту және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі тапсырмалары аясында жұмысын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Кездесу барысында өндіріс барысы, өнім сапасы мен өткізу нарығы талқыланды.



Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдауға ерекше көңіл бөлінуде. Осындай өндіріс орындары аудан экономикасының дамуына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. «АКЗ ЛТД» серіктестігі өңірдегі құрылыс саласын сапалы өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа да үлес қосып отыр. Алдағы уақытта да кәсіпорынның өндірістік әлеуетін арттыру жұмыстарын жалғастыру керек, – деді Берік Әбдіғалпарұлы. «АКЗ ЛТД» ЖШС-нің директоры, аудандық мәслихат депутаты Руслан Каскиев бүгінде зауыт тәулігіне 30 мың кірпіш өндіретінін және жылдық өндірістік қуаты 4,5–5 миллион дана кірпішті құрайтынын атап көрсетті. Кәсіпорында 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Кәсіпорынның алдағы даму жоспарлары мен өндіріс көлемін арттыру мүмкіндіктері қарастырылды. Аудан басшысы кәсіпорын ұжымына алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаев «Жалын» сауықтыру лагерінің жазғы тынығу маусымына дайындығын көрді. Қазіргі таңда лагерь аумағында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ғимараттар жөндейліп, инженерлік желілер жаңартылуда, сондай-ақ балалардың қауіпсіз әрі жайлы демалысы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалуда. Демалыс орындарының ішкі-сыртқы келбеті талаптарға сай ретке келтірілуде. Аудан басшысы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударды және жөндеу жұмыстарын сапалы жүргізіп, тынығу маусымына толық дайын болу керектігін атады. Лагерь аумағында санитарлық тазалығы сақталуы басты назарда болуы қажет екеніне тоқталып, сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

ЖАНДАРБЕКОВ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАҚСЫ ДЕЙДІ

ШИЕЛІ ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Айтбай Жандарбековтың төрағалығымен мәжіліс отырысы өтті.

Мәжіліске аудандық мәслихат төрағасы, аудан әкімінің орынбасарлары, дербес бөлім басшылары, сондай-ақ кент және ауылдық округ әкімдері қатысты. Мәжіліс барысында ауданның экономика салаларында жасанды интеллектті енгізу мәселесі жан-жақты талқыланды.

«Экономика салаларына жасанды интеллектті енгізу мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі кезеңде цифрлық технологияларды, оның ішінде жасанды интеллектті тиімді пайдалану елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Жасанды интеллект – тек технология ғана емес, ол экономиканың тиімділігін арттыратын, еңбек өнімділігін көбейтетін және жаңа мүмкіндіктер ашатын негізгі құралдардың бірі. Біздің аудан үшін бұл бағыттың маңызы ерекше. Себебі

Шиелі ауданы - ауыл шаруашылығы мен шағын кәсіпкерлікке негізделген өңір. Сондықтан біз жасанды интеллектті енгізу арқылы ауыл шаруашылығында өнімділікті арттыруға; су ресурстарын тиімді пайдалануға; кәсіпкерлікті жаңа деңгейге көтеруге; мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік аламыз.

Біздің басты мақсатымыз - заманауи технологияларды тиімді пайдалана отырып, аудан экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету.» – деді аудан әкімі Айтбай Жандарбеков.

Сонымен қатар, мәжілісте өнеркәсіп және өңдеу өнеркәсібі көрсеткіштерінің орындалуы, бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді жұмсалыуы, жол бойындағы нысандар мен жол белгілерінің жай-күйін бақылау, күнделікті тазалық жұмыстары бойынша қосымша мәселелер қаралып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеп, белгіленген міндеттердің сапалы әрі уақытылы орындалуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

ИБРАИМОВТЫҢ ИГІ ІСІ

ЖАЛАҒАШ ауданы әкімі Ардақ Ибраимов жаңадан салынып жатқан теміржол вокзалының құрылыс нысанын аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.



Облыс әкімінің қолдауымен «Қазақстан Темір Жолы» АҚ арқылы жүзеге асырылып жатқан вокзал құрылысында қазіргі таңда ішкі және сыртқы әрлеу, инженерлік желілер жүргізу және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Нысанда күту залы, билет кассалары, ана мен бала бөлмесі, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған ыңғайлы орындар қарастырылған.

Нысанды аралау барысында аудан әкімі мердігер мекеме өкілдеріне және жауапты сала басшыларына барлық жұмысты талапқа сай әрі уақытылы аяқтауды тапсырды. Сондай-ақ аудан әкімі вокзал маңын көркейтуді, көгалдандыру, жарықтандыру және санитарлық тазалық мәселелеріне ерекше назар аударып, бұл жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қажеттігін айтты.

ТҮНДЕ «ТҮНГІ РЕЙД» ЖҮРЕДІ

ҚАЗАЛЫ ауданында облыс әкімі тапсырмасына сәйкес жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында күн сайын арнайы бөлінген топтар кезектілікпен түнгі рейд жұмыстарын тұрақты түрде ұйымдастырып келеді.

Рейдтік топ мүшелері күнделікті 22:00-ден бастап Әйтеке би кентіндегі ойын алаңдарын, саябақ, ойын-сауық орталықтары мен компьютер клубтарын, мейрамханаларды аралап, қоғамдық тәртіпті бақылау барысында көмелет жасқа толмаған оқушыларға түсіндірме, ата-анасына ескерту



жасайды. Бұл жолы аудан әкімі аппаратының басшысы Ринад Тілеп бастаған құрам түнгі рейд жұмыстарын жүргізді. Топ құрамында аудандық полиция бөлімі, білім бөлімі, дербес бөлім қызметкерлері және мектеп директорлары қамтылған.

Алдағы күндері дәл осындай күшейтілген түрде рейд жұмыстары жалғаса беретін болады. Мұндай рейд жұмыстары аудан орталығынан бөлек ауылдық округтерде де жалғасуда.

АРАЛДАҒЫ Қамыстыбас ауылдық округінде «GLOCAL – Қазақстанда Орнықты даму мақсаттарын (ОДМ) жергіліктендіруін алға тарту жаһандық әрекет» жобасы аясында ауқымды іс-шаралар легі өтті. Еуропалық Одақ делегациясының сапары барысында жергілікті бастамалар таныстырылып, ауылдық деңгейде жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың нақты нәтижелері көрсетілді.

Сапар аясында делегация мүшелері Қамбаш аумағында болып, жоба қатысушыларымен кездесіп, олардың тәжірибелерімен танысты. Жиында аудан әкімінің орынбасары Н. Бохаев сөз сөйлеп, Қамыстыбас ауылында жүзеге асып жатқан жобалардың маңызын атап өтіп, халықаралық серіктестер мен белсенді тұрғындарға алғыс білдірді. Ал ауылдық округ әкімі атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріп, жобаның аралық нәтижелерін ұсынды. Сонымен қатар, қаржылық қолдау алған үш жергілікті ұйым өз бастамаларын таныстырып, GLOCAL жобасының мүмкіндіктерін ерекше атап өтті.

Маңызды жаналықтардың бірі — Қамыстыбас ауылдық округінде Қазақстан-

ҚАМБАШ ЖАҒАҢДАНУДА

дағы алғашқы ауылдық SDG Hub-тың ашылуы болды. Бұл алаң мемлекеттік органдар, кәсіпкерлер мен тұрғындар арасындағы тиімді диалогты дамытып, бірлескен шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Хаб қызметі сапалы білім, гендерлік теңдік, таза су мен санитария, тұрақты елді мекендер, жауапты тұтыну және теңіз экожүйелерін сақтау бағыттарына негізделген. Бұл бастама жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейтіп, қоғамның белсенділігін арттыруға бағытталған.

Сапар барысында делегация «Арал әйелдері» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан ауылдық көгалдандыру жобасына қатысты. Экологиялық акция кезінде 500 тұп ағаш отырғызылып, тамшылатып суару жүйесін енгізу жұмыстары жүргізілуде. Бұл бастама ауылдың экологиялық жағдайын жақсартып, тұрғындарды табиғатты қорғауға жұмылдыруға бағытталған.

Сонымен қатар Қамбаш көлінің жағалауында экологиялық тазалық акциясы ұйымдастырылды. Аймақтың маңызды табиғи нысаны саналатын көл бүгінде антропо-

гендік әсердің салдарынан ластану, су сапасының төмендеуі және балық қорының азаю қаупі сияқты мәселелерге тап болып отыр. Акцияның басты мақсаты — қоғам назарын экологиялық проблемаларға аудару және табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыру. Аталған шараны «Жас кәсіпкерлер қоғамы» жастар ұйымы жүзеге асырды.

Жоба аясында қаржылық қолдау алушыларға арналған «Жобаны амқару және есептілік» тақырыбында оқыту семинары да өтті. Қатысушылар жобалық менеджмент, стратегиялық жоспарлау және есептілік жүргізу бойынша білімдерін жетілдіріп, өз ұйымдарының әлеуетін арттыруға мүмкіндік алды.

Жалпы, GLOCAL жобасы жергілікті бастамаларды қолдап, тұрғындарды белсенді тарту арқылы «Жобаны амқару» тұрақты дамуына серпін беруде. Бұл бастамалар өңірдің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған нақты кадамдардың бірі болып табылады.

«IT PARK QARMAQSHY» АШЫЛДЫ

ҚАРМАҚШЫНЫҢ Руханият орталығында «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» аясында атқарылған жұмыстарды қорытындылау және алдағы жоспарларды айқындау мақсатында брифинг өтті. Жиынға аудандық бөлім басшылары, IT мамандары және жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.

Брифинг барысында аудан аумағында цифрлық экожүйені дамыту бағытындағы келесі нәтижелер жарияланды:

- Инфрақұрылымдық даму: Аудан орталығы мен шалғай елді мекендерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамту деңгейі арты. Атап айтқанда, сервистік қызметтер мен мемлекеттік бағдарламаларды цифрландыру бойынша көрсеткіштер жақсарды.

- «IT Park Qarmaqshy» жобасы: Аудан жастарын заманауи технологияларға баулу мақсатында ашылған IT орталықтың жұмысы сараланды. Орталық базасында робототехника және жасанды интеллект негіздерін оқыту курстары жолға қойылды.

- Электронды қызметтер: Мемлекеттік қызметтерді электронды форматта алу үлесі артып, тұрғындардың цифрлық сауаттылығын көтеру бойынша бірқатар оқу-жаттығу жиындары ұйымдастырылды.

Брифингте «Цифрландыру және ЖИ жылы» аясында алдағы уақытта жүзеге асырылатын басым бағыттар аталды:

1. Жасанды интеллектті басқару ісіне енгізу: Әкімшілік жұмыстарды оңтайландыру және халықпен кері байланысты нығайту үшін ЖИ элементтерін (чат-боттар, автоматты талдау жүйелері) қолдану.

2. Білім беру мен IT-экспорт: Мектеп қабырғасынан бастап бағдарламалау тілдерін меңгерту және аудандық деңгейдегі стартап жобаларға қолдау көрсету.

3. Ауыл шаруашылығын цифрландыру: Аудандағы аграрлық секторға смарт-технологияларды енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттыру.

Қазіргі таңда жасанды интеллект пен цифрландыру экономиканың барлық саласының дамуына серпін беретін негізгі бағыттардың біріне айналды. Мемлекет басшысының 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялауы осы саланың маңызын айқындап отыр. Осыған орай ауданда алғаш рет «IT Park Qarmaqshy» филиалы ашылды. Маңызды шара аясында аудан әкімі Жандос Еркінбек орталықтағы жасалған робототехника жобаларымен

танысып, ерекше бастамаға өзінің оң бағасын берді.

Сонымен қатар аудан әкімінің төрағалығымен «IT Park Qarmaqshy» филиалының жұмысына арналған мәжіліс өткізіліп, аудан басшысы:

– «Бұл орталықта аудан жастары басқа өңірлерге бармай-ақ, бағдарламалау, робототехника және графикалық дизайн сияқты «болашақтың мамандықтарын» игере алады. Бұл аудан жастары үшін үлкен мүмкіндік. Егер жастарымыздың жана идеялары болса, осы орталық оны дамытуға, жүзеге асыруға көмектесетін алаңға айналады. Қармақшыдан шыққан жас таланттарымыз ертеңгі күні әлемдік деңгейдегі IT-алпауыттардың қатарында жүрсін деп тілеймін», – деп атап өтті.

Жиын барысында IT Park орталығының жетекшісі Жанболат Сәдібеков орталықтың негізгі жұмысымен таныстырып өтсе, «Цифрландыру және жасанды интеллект мүмкіндіктері» жайында «GRAND master» ЖШС директоры Алмат Қуанышбаев толық баяндап өтті. Сондай-



ақ аудандық мәслихат төрағасы Әділ Қошалақов жастарды білім мен инновацияға ұмтылуға шақырып, тың идеяларға толы жана орталыққа сәттілік тіледі.

Өңіраралық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі – жұмыс табу мүмкіндігі

Қызылордадағы «Сыр болашағы» құзыреттілік орталығында «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы» бағдарламасы аясында облыстық прокуратураның, «Атапат» партиясы Қызылорда облыстық филиалының және облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының ұйымдастыруымен дәстүрлі «Eңбек hub QYZYLORDA» өңіраралық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті.

Шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Д.Жаналинов және облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, облыстық басқармалар, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері және 1 500-ге жуық жұмыс іздеушілер мен жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аударуға ниетті азаматтар қатысты.

Жәрмеңкеде жергілікті 42 жұмыс берушілерден 600-ге жуық Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Абай, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарынан келген делегация мүшелері білім беру, денсаулық сақтау, құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және өзге де салалар бойынша 9984 жұмыс орнын ұсынды. Жұмыс іздегендерге барлығы 10 мыңнан астам бос жұмыс орындары ұсынылды.

4 112 Павлодар облысынан; 2 135 Солтүстік Қазақстан облысынан; 900 Қостанай облысынан; 827 Шығыс Қазақстан облысынан; 403 Ұлытау облысынан; 1607 Абай облысынан жұмыс орны бос екен.

Шара барысында облыс әкімінің бірінші орынбасары Д.Жаналинов 2025 жылы халықты жұмыспен қамту саясатына белсенді қатысқан, азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға өз үлестерін қосқан 5 үздік жұмыс берушілерге облыс әкімінің «Алғыс хатын», техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 5 бітіруші түлегіне тұрақты жұмыс орындарына жолдама табыстады.

Сондай-ақ облыстық прокуратурамен проба-ция есебіндегі жұмыссыз 6 азаматқа жұмысқа орналасуға жолдамалар берілді.

Жәрмеңкеге қатысушылар өздерінің еңбек нарығындағы мүмкіндіктері мен жұмыспен қамтудың мемлекеттік қолдау шараларының тиімді тұстары туралы кеңінен ақпарат алып, жергілікті және солтүстік өңірлерден келген жұмыс берушілерден ұсынылған бос жұмыс орындарымен танысып, жұмыс берушілермен тікелей сұхбаттасты.

«Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы» бағдарламасы жаңа өңірде жаңа өмір бастауға таптырмас мүмкіндік.

Аталмыш бағдарлама аясында соңғы 6 жылда облысымыздан 710 отбасы, яғни сол отбасыларындағы 2 903 адам солтүстік өңірлерге қоныс аударып, тұрғын үймен, тұрақты жұмыспен, біржолғы қаржылай көмекпен қамтамасыз етіліп, мемлекеттік қолдаудың игілігін көруде.

Жұмыс күші артық өңір ретінде Қызылорда облысында «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы» бағдарламасы білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы мамандардың әлеуетін тиімді пайдаланып, оларды жаңа өңірлерде жұмыспен қамтуға жол ашып отыр.

Жәрмеңке барысында 200-ден аса азамат жұмыспен қамтудың белсенді шаралары мен тұрақты жұмысқа жолдамалар алды. 80-ге жуық қала тұрғындары солтүстік өңірлерден келген жұмыс берушілерден ұсынылған жұмыс орындарымен танысып, қоныс аударуға ниет білдірді.

Сонымен қатар шара барысында мемлекеттен қайтарымсыз гранттар алған, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы бойынша өз кәсібін ашып, табысын арттырып отырған кәсіпкерлердің және «Еңбек – Қызылорда» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Жергілікті кәсіпкерлердің дайын өнімдері жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

Қызылорда облысында асфальт-бетон зауыттары көбейіп келеді. Бүгінде өңірде 20-дан аса кәсіпорын жол жабындысын шығарады. «Сапа керуені» жобасы аясында Жол актиеттері сапасының ұлттық орталығы мамандары БАҚ өкілдерімен бірге зауыттардың жұмысымен танысып, бақылау жүргізді.

КӨЛІК ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРУДА

Аймақта жол құрылысы қарқын алып тұрғаны белгілі. Осыған орай асфальт-бетон зауыттарында да қазір қайнаған тірлік басталды. Соның бірі «УАД» ЖШС өндірісі орны. Алып компания италяндық технология бойынша асфальт шығарады. Мұнда битумға араласқан қиыршық тас 160 градуста қайнайды. Оған автоматтандырылған қондырғылар арқылы сапаны арттыратын түрлі химикаттар қосылады. Ал зауыттан шыққан ыстық асфальтты жүк көліктері лезде құрылыс аумағына әкеліп жатыр.

- Бізде асфальт тек ыстық күйде барады. Оны жинап қойып ертесіне апаралмайсың. Нормативтік талапқа сай өзінің белгілі температурасы бар. Зауыттан 160-155 градуспен шығарамыз. Жол салатын аумаққа кемі 150 градус ыстықта жетуі тиіс. Қазір жұмыс ауқымы өте көп. Күніне мың тоннадан аса асфальт шығарып жатырмыз. Біз бұған дайын болдық. Қыстай қажет шикізатымызды жинап, үлкен қор дайындап қойғанбыз,- дейді «УАД» ЖШС өндірістік учаске басшысы Алмас Қалиев.

Өңірдегі тағы бір ірі жол салушы компания – «Қыран» ЖШС. Биыл республикалық маңындағы «Қызылорда-Жезқазған» автожолының қала аумағындағы айналма жолының құрылысын бастады. Мұнан бөлек жөндеулі қалаішілік жолдар бар. Бүгінде кәсіпорынның өндіріс аумағында 10 мың тоннадан асатын шикізат қоры

бар. Ал зауыттан сағатына 160 тонна асфальт шығып жатыр.

- Бізде украиналық зауыт қойылған. Тәулігіне 1500 тоннаға дейін ыстық асфальт жіберіп жатырмыз. Компания қазір аймақтағы жол саласына қатысты ірі жобаларды жүзеге асыруда. Өндіріс учаскесінде 20 адам еңбек етеді. Негізгі қондырғылардың басым бөлігі

автоматтандырылған. Біздің операторлар тек жұмыс процесін бақылап отырады. Егер қандай да бір олқылық болса компьютерден анықтап, кемшілік түзетіледі. Жалпы сапалы асфальт өндіру үшін барлық қоспалар белгілі бір мөлшерде беріліп, сапасы қадағаланып отырады,- дейді «Қыран» ЖШС асфальт-бетон зауытының басшысы Руслан Жүргенов.

Филиал мамандары жыл басынан бері аймақтағы асфальт-бетон зауыттарына бақылау жүргізіп, талапқа сай жұмыс істеуін ұдайы қадағалап келеді. Ең бастысы – жол жабындысының сапасы.

- Облыс бойынша барлығы 23 асфальт-бетон зауыты бар. Соның 12-сі қалада. Жыл басынан бері барлық өндіріс орындарына қадағалау жұмыстарын жүргізіп шықтық. Тексеріс барысында аз-кем ескертулер болды. Бірақ, қазіргі таңда зауыттар олқылықтарды түзеп, талапқа сай жұмыс істеп жатыр. Тіпті, асфальт құрамына қосатын қоспаларды бірінші орталық мамандары зертханада сынамадан өткізіп, оң қорытынды бергеннен кейін өндірісте қолданып жатыр. Бұл – сапаның кепілдігі, - дейді. «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМҚ ҚОФ бөлім басшысы Ержан Усманов.

Биыл облыс аумағында жол жұмыстарына 40 миллиард теңгеге жуық қаржы қаралған. Әсіресе, шеттегі ауыл-аймақтарға айрықша көңіл бөлінеді. Соның нәтижесінде өңірдегі көлік жолдарының жағдайы жақсара түспек.

ҚАБЫЛДАҒЫШТАР АЖАЛДЫ АЗАЙТАДЫ

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері жылу беру маусымында өрттің алдын алу және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар іс-шаралар атқарды.

Жылу беру маусымында облыс аумағындағы тұрғын секторларда 105 өрт оқиғасы орын алып, 3 адам қаражат алды. Көмірқышқыл газынан уланудан салдарынан 1 адам қаражат алды.

Көбінесе тұрғындардың өрт қауіпсіздік шараларына салғырт қарауынан, яғни тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеуінен, немесе балаларды қараусыз қалдыруынан қазалы жағдайлар орын алып жатады.

Жергілікті атқарушы органдардан әлеуметтік осал топтағы 6 825 тұрғын үй тізімі нақтыланып, Департамент қызметкерлері тізім бойынша тұрғын үйлерге өрт қауіпсіздігі



шараларын сақтау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Аталған отбасыларға жергілікті бюджет есебінен сатып алынған 484 табиғи газды және 100 көмірқышқыл газын анықтайтын қабылдағыштар орнатылды.

Департамент тарапынан 2025–2026 жылдары қабылдағыштар сатып алу мәселесі бойынша бірнеше рет хаттамалық тапсырмалар беріліп, тиісті ұсыныстар енгізілгеннен, тек Сырдария ауданы әкімдігі тарапынан 100 көмірқышқыл газын анықтайтын қабылдағыш сатып алынды, ал өзге аудандар және қала әкімдіктері тарапынан тиісті шаралар қабылданбады.

Апта сайын Полиция департаменті мен түрлі волонтерлық ұйымдардың өкілдерімен бірлесіп өрттің алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар атқарылуда.

Барлығы 129 874 тұрғын секторының ауласы араланды. Тұрғындармен 350 рет кездесу өткізілді. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында өрт қауіпсіздігі бойынша жиын ұйымдастырылды. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы 3 369 материал жарияланды. Ақпарат өкілдерінің қатысуымен 25 брифинг өткізілді.

Өрттің алдын алу мақсатында жылу беру маусымының қорытындысымен талдау әзірлеп, жергілікті атқарушы органдарға жолданады. Тұрғын секторда көмірқышқыл газынан улану фактілерінің алдын алу мақсатында улы газды анықтайтын қабылдағыштар сатып алу мәселесін қарастыру керек.

Сырдария, Шиелі және Жаңақорған аудандарының Төтенше жағдайлар бөлімдері өрт санының өткен жылмен салыстырғанда көбейгенін ескере отырып, профилактикалық іс-шараларды тұрақты түрде жалғастыру қажет.

Тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өрт қауіпсіздігін насихаттау жұмыстарын жандандырған жөн.

Б. СПАНОВ
Қызылорда облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі

Қызылорда облыстық төтенше жағдай департаменті бастығының орынбасары Б.ӘБДІҚАДЫРОВ:

СУ АЖАЛЫНАН САҚТАНСАҢ, ӨМІРІңДІ САҚТАЙДЫ

Күн жылынғаннан жағажай жағалап, суға шомылатын өзен, көл іздейміз. Өкінішке орай су қауіпсіздігін сақтай бермейміз. Салдарынан суда жүзе алмаған, басқа да жағдайлар әсерінен қайғылы оқиғалар орын алып жатады. Судағы жайыс жағдайларды болдырмау, адам өмірін су ажалынан сақтап қалу мақсатымен Қызылорда облысы өкімінің қаулысына сәйкес аймақта 9 жағажай белгіленді. Арал ауданында «Аққұмшық», Қармақшы ауданында «Мұратбаев», Сырдария ауданында «Қалғандария», Шиелі ауданында «Бөйкекүм», Қызылорда қаласында «Сыр толқыны», «Эдельвис» және «Сыр Самалы», Жаңақорған ауданында «Борықтай», Жалағаш ауданында «Асар». Биыл тек 7 жағажай жұмыс жасайды. Қызылорда қаласы «Сыр самалы» жеке жағажайы биыл жұмыс істемейді. Сондай-ақ Жаңақорған ауданында «Борықты» жеке жағажайы қаулыда облыс өкімімен бекітілгенімен қазіргі таңда ашылмаған. Биыл жұмыс жасамайды.

Облыс аумағымен өтетін Сырдария өзенінің ұзындығы 1274 шақырымды құрайды. Мұнан басқа 19 ірі канал, 220 шағын каналдар және 207 көп облыс аумағында орналасқан.

Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 27 қазандағы №56 шешіміне сәйкес суға шомылуға тыйым салынған қауіпті су айдындарындағы 63 аймаққа 398 ескерту тақтайшасы орнатылды. Сондай-ақ, Департамент тарапынан қауіпті аймақтарда орнатуға оңай (трафарет) және өзіндік құны төмен тыйым салу белгілерінің инновациялық түрі қолданылуда, сонымен бірге қауіпті 63 аймаққа 20 мобильді пост орнатылды.

Облыс тұрғындары мен қонақтарының жаз мезгілінде су айдындарындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында департамент бастығының бұйрығы негізінде күнделікті тәулік бойы жауапты сала мамандарын тарта отырып рейдтік жұмыстар ұйымдастырылуда.

Облыс аумағындағы су айдындарында жыл басынан бері 448 рейд жүргізіліп, 13 954 тұрғынға, оның 6 мыңнан астам жасөспірімге судағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілді және ұнарақтар таратылды. Сондай-ақ аталмыш профилактикалық жұмыстарға 168 еріктілер жұмылдырылды. Жыл басынан бері су айдындарында қауіпсіздік қағидаларын бұзу немесе орындамау барысында хаттама толтырылған жоқ.

Қызылорда облысының Полиция департаментімен бірлесіп, жыл басынан бері ортақ су пайдалану қағидаларын бұзу бойынша 38 адамға ескерту шарасы көрілді. Балық шаруашылығы инспекциясымен заңсыз балық аулау бойынша жыл басынан бері 75 дерек тіркеліп, 1 млн. 654 мың теңге көлемінде айыппұл салынды.

Адамдар көп шоғырланған «Арай сити молл» ойын-сауық орталығы, дүкендер мен басқа да сауда орталықтарында, базарлар және теміржол автовокзалдарда дауыс зорайтқыштар арқылы және LED экрандарда, сондай-ақ, әлеуметтік желілерде үгіт-насихат шаралары жүргізілуде.

Облыстың 38 752 оқушысын қамти отырып, 238 интерактивті және ашық сабақ өткізілді. Балалар жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында тұрақты түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, «WhatsApp» мессенджері арқылы оқушылардың ата-аналарына бейнероликтер мен жадынамалар жолдануда.

ӨСІМГЕ ТОЛЫ БІРІНШІ ТОҚСАН

Жалпы өңірлік өнімі 2025 жылдың алдын ала деректері бойынша облыстың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімі 3,1 триллион теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 2,9% өсті.

Өнеркәсіп саласына бойынша, өндіріс көлемі қолданыстағы бағамен 250 млрд. теңгені құрап, 1,7%-ға, өңдеу өнеркәсібі бойынша 95 млрд. теңгені құрап, 2025 жылдың сәуіріне қарағанда өнімдерінің өндірісі 0,5%-ға, жеңіл өнеркәсібі өнімдерін өндіру 21,3%-ға, резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісі 16,8%-ға, өзге де бейметалл минералдық өнімдер өндірісі 2,0 есе және машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату 23,9%-ға өсті.

2026 жылдың қаңтар-наурыздың негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 142,1 млрд. теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәуіріне қарағанда салыстырғанда 8,2%-ға артқан, оның ішінде: республикалық бюджет – 6,2 млрд. теңге (53,4%-ға төмендеді), жергілікті бюджет – 29,8 млрд. теңге (14,5%-ға төмендеді), жеке инвестициялар – 106,1 млрд. теңге, яғни 27,5%-ға өсті.

Жеке инвестициялардың өсуі негізінен меншікті қаражат есебінен 89,8 млрд. теңге (40,6%-ға), басқа да қарыз қаражаттары 10,5 млрд. теңге (50,6%-ға) есебінен қамтамасыз етілді.

2026 жылдың қаңтар-наурыздың құрылыс жұмыстарының көлемі 46,6 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың сәуіріне қарағанда салыстырғанда 22,0%-ға артық болды. 2025 жылдың қаңтар-наурыздың 36,0 млрд. теңге болған.

2026 жылдың 1 тоқсан қорытындысы бойынша өңірде 585 жаңа тұрғын үй пайдалануға берілді, оның ішінде 557 жеке және 28 көпкөпөлкі тұрғын үйлер. Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы өткен жылдың сәуіріне қарағанда салыстырғанда 3,2%-ға артып, 159 мың шаршы метрден асты. Оның ішінде, көпкөпөлкі тұрғын үйлердің жалпы алаңы 73,8% ұлғайып, ал жеке тұрғын үйлердің алаңы 9,7%-ға азайды.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 16,6 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,2%-ға өсті. Оның ішінде мал шаруашылығы 3,5% көбейіп, өсімдік шаруашылығы 100,0% көрсетті.

2025 жылы облыстық бойынша егіс көлемі 188,1 мың гектарға егілді. 2024 жылы 189,4 мың гектар еді. Оның ішінде дөңді дақылдар 94,8 мың гектар, негізгі дақыл күріштің көлемі 81,8 мың гектар, майлы дақылдар 6,4 мың гектар, мал азықтық дақылдар 70,1 мың гектар, көкөніс 6,7 мың гектар, бақша 8,5 мың гектар, картоп 1,6 мың гектар.

Ал, мал шаруашылығы 2026 жылдың 1 нау-

рызына өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда: жылқы саны 6,0%-ға көбейгені, ал ірі қара мал 0,3%-ға, түскені байқалады.

2026 жылдың қаңтар-наурыздың мал мен құстың барлық түрлерінің тірідей салмақта шаруашылықта сойылуы және өткізілуі 8,9 мың тоннаны құрап, 3,6%-ға, сауылған сиыр сүті 9,5 мың тоннаны құрап, 3,2%-ға, өндірілген тауық жұмыртқасы 1,3 млн. құрап 23,8%-ға көбейген.

2026 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тоқталсақ, өнеркәсіп өндірісі 1,7%, өңдеу өнеркәсібі – 13,6%, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі – 3,2%, негізгі капиталға салынған инвестициялар – 8,2%, құрылыс жұмыстары көлемі – 22,0%, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі – 2,2% және сауда көлемі – 1,4%-ға артты.

2026 жылдың қаңтар-наурыздың жалпы сауда көлемі 208,8 млрд. теңгені құрап, 1,4%-ға өсті. Көлемнің өсуі - бөлшек сауда 135,0 млрд. теңге (0,5%-ға өсті), көтерме сауда 73,4 млрд. теңге (3,0%-ға), автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу қызметтері 451 млн. теңгені (12,6%-ға өсті) құрады.

«Көлік және қоймалау» саласы бойынша нақты көлем индексі 2026 жылғы қаңтар-наурызға 31,3% құрады. Бұған автомобиль көлігі және теміржол көлігі табысының өскендігі әсер етті.

Көлік түрлері бойынша жүк тасымалдау көлемі 38,0%-ға, жолаушылар тасымалдау 0,6%-ға артты. 2026 жылғы наурыз айы 2025 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда облыс бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтерінің индексі 102,5%-ды құрады.

Азық-түлік тауарлары бағасы 3%-ға, азық-түлік емес тауарлары 2,4%-ға, ал ақылы қызметтер 2%-ға жоғарлағаны байқалды.

Қызылорда облысы халқының саны 2026 жылдың 1 наурызына 846,5 мың адам болып отыр. 2025 жылдың 1 наурызында 846,4 мың адам еді, оның ішінде қала халқы 399,7 мың адам. 2025 жылдың 1 қаңтарында 398,7 мың адам және ауыл халқы – 446,8 мың адамды (2025 жылдың 1 қаңтарында 447,7 мың адам) құрады. Жалпы адам санының 47%-ы қала тұрғыны болса 53%-ын ауыл халқы құрайды.

Соңғы 10 жылдың ішінде халықтың саны 82,0 мың адамға өскендігі байқалады.

Халықтың көші-қоны әлеуметтік, экономикалық, саяси, экологиялық және сыртқы факторларға сәйкес өзгеріп тұрады. Көші қон қызметі органдары ұсынған мәліметтерді өңдеу нәтижесінде, 2026



жылдың қаңтар-ақпанында облысымызға тұрғылықты тұруға келгендердің тіркелу саны 8049 адамды, облыстан кеткендердің саны 9491 адамды құрады. 2025 жылдың қаңтар-ақпанымен салыстырғанда облысқа келгендер саны 5,0% көбейгендігі байқалады.

«Бекітілген халық тіркелімі» базасы арқылы Статистика бюросына ұсынған азаматтық хал актілері жазбаларындағы мәліметтерді қалыптастыру нәтижесінде, 2026 жылғы қаңтар-ақпанда облыста 2346 сәби дүниеге келген. Оның 1172-і ұл болса, 1174-і қыз. Жалпы біздің өңірдің туу көрсеткіші және табиғи өсімі тұрақты. Облыстар арасында 1000 тұрғынға шаққанда туу көрсеткіші бойынша тұрақты төртінші орындалады. Облысымызда күніне орташа есеппен 40-45 сәби дүние есіміз ашады. Ай сайын 1200-1300 балаға дейін дүниеге келеді.

Жоғарыда аталған факторларды ескере отырып, облыста халық санының артуын байқауға болады. 2025 жылғы IV тоқсанда жұмыссыздар саны 15,7 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшіне қарағанда 4,5%. Ал 15-34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,4%-ды құрайды. Жастардың жалпы санынан НЕЕТ жастар үлесі – 6,7%. Деректер халықтың жұмыспен қамтылуының іріктемелі зерттеу қорытындылары негізінде қалыптастырылады.

2026 жылғы 1 сәуірге 11636 бірлік заңды тұлғалар тіркелді. Оның ішінде 10429 бірлік субъекті жұмыс жасап тұр. 2026 жылғы 1 сәуірге тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 63770 бірлікті құрады. Жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 61493 бірлікті құрап, 4,7%-ға азайды.

(Ұлттық статистика бюросының облыс бойынша департаменті бюросы басшысының орынбасары Ө.Досжанованың Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингінен)

Сұрағым бар...

НЕСИЕНІ САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫН ҚАЛАЙ ҚАЙТАРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі сақтандыру агенттерінің комиссиялық сыйақысының мөлшерін банктік қарыздар мен микрокредиттер шеңберінде ресімделетін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысы сомасының **10%-ына дейін** шектеуді көздейтін заңнамадағы өзгерістер туралы еске салады.

Осыған дейін көптеген банктер мен микроқаржы ұйымдары сақтандыру агенттері ретінде сақтандыруды кредит алудың міндетті шарты ретінде белгілеп, сақтандыру компанияларынан **90%-ға дейін** комиссиялық сыйақы алды. Қабылданған өзгерістер қарыз алушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, сақтандыру қызметтерінің ашықтығын арттыруға және тұтынушыларға қаржылық жүктемені азайтуға бағытталған.

Сондай-ақ заңнамада банктер мен микроқаржы ұйымдарының сақтандыру өнімдерін мәжбүрлеуге немесе қарыз алушыны сақтандыру компаниясын

таңдауда шектеуге құқығы жоқ екендігі көзделген. Қарызды ресімдеу кезінде сақтандыру ерікті болып табылады, оның талаптары тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартымен айқындалады. Ұсынылған шарттармен келіспеген жағдайда, қарыз алушы басқа сақтандыру ұйымын таңдауға құқылы. Қарыз алушының қарыз шартына байланысты сақтандыру шартынан ол жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 күн ішінде бас тарту құқығы сақталады. Бұл жағдайда банктер мен микроқаржы ұйымдары қарыз шартының талаптарын сыйақы мөлшерлемесі және (немесе) онымен байланысты комиссия бөлігінде қайта қарауы мүмкін.

Бұл ретте сақтандыру шартын жасау туралы талапсыз қарыз шартын жасаған күні қолданыста болған деңгейден аспайтын сыйақы мөлшерлемесін немесе комиссияны қайта қарау бойынша шектеу заңнамамен бекітіледі.

Бұдан басқа, қарыз шартына байланысты сақтандыру шарты бұзылған кезде сақтандыру

сыйлықақысын қайтару мерзімі нақтыланды. Қарыз алушы қарыз беруші алдындағы міндеттемелерді толық орындаған жағдайда, сақтандыру ұйымы сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру қолданылу кезеңіне барабар соманы, сондай-ақ Шартты бұзуға байланысты, мөлшері алынған сақтандыру сыйлықақысының 10%-ынан аспайтын шығыстарды шегергенде қайтаруға міндетті. Қайтару сақтандыру ұйымы тиісті өтініш алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Енгізілген заңнамалық өзгерістерді ескере отырып, азаматтарға сақтандыру сыйлықақысы мен агенттік сыйақы мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру шартының талаптарын мұқият зерделеу ұсынылады.

Қабылданған шаралар неғұрлым әділ және бәсекеге қабілетті сақтандыру нарығын қалыптастыруға, сондай-ақ тұтынушылардың қаржылық сауаттылығы мен қорғалуын арттыруға ықпал етеді.

Азаматтардың мүлктік мүдделерін қорғау мақсатында

Агенттік:

1. Сақтандыру ұйымында сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясының болуын тексеруге кеңес береді. Лицензиясы бар сақтандыру компанияларының тізімімен Агенттіктің ресми интернет-ресурсында танысуға болады;

2. Жарнамадағы ұсыныстарға сыни қарауға және сақтандыру полистерін сақтандыру ұйымдарының ресми сайттарында ғана рәсімдеуге;

3. Міндетті сақтандыру шарттары бойынша делдалдық қызметтерге ақы төлемеуге, сондай-ақ ақша қаражатын үшінші тұлғалардың белгісіз банктік шоттарына, телефон нөмірлеріне және өзге де деректемелеріне аудармауға;

4. Жеке куәлікті, жүргізуші куәлігін, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті (техникалық паспортты) және басқа да дербес деректерді қоса алғанда, жеке құжаттардың көшірмелерін немесе фотосуреттерін үшінші тұлғаларға бермеуге кеңес береді.

Тексерілмеген интернет-ресурстар арқылы сақтандыру шартын жасасу жарамсыз сақтандыру полисін сатып алуға және соның салдарынан сақтандыру қорғауының болмауына әкелуі мүмкін екенін еске саламыз.

Сақтандыру қызметтерін ұсынатын күдікті интернет-ресурстар анықталған жағдайда азаматтарға бұл туралы Агенттікке хабарлауға немесе тұрғылықты жері бойынша құқық қорғау органдарына жүгінуге кеңес беріледі.

ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ: ҚАЛАЙ АУДАРЫП, ҚАШАН АЛУҒА БОЛАДЫ?

- Ерікті зейнетақы жарналары туралы толығырақ айтып беріңізші.

- Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінде жарналардың келесі түрлері аударылады: міндетті (жұмыс беруші жұмыскердің жалақысының 10%-ын ай сайын аударады), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (жұмыс беруші өз есебінен зиянды және қауіпті кәсіп жұмыскерлері кірістерінің 5% мөлшерінде төлейді). Сондай-ақ 2024 жылдан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) енгізілді. Бұл жарна 1975 жылы және одан кейін туған барлық жұмысшылар үшін (2024 жылы 1,5% - дан, 2028 жылы біртіндеп 5%-ға дейін) төленеді. Бұған қоса жеке және заңды тұлғалар аударатын **ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ)** бар. Жеке тұлға өзі және (немесе) жақындары үшін өз табысы есебінен, ал заңды тұлғалар – өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына қаражат салады. Айта кеткен жөн, ЕЗЖ-ны азаматтар өз қалауымен төлейді, мөлшері мен жиілігін дербес белгілейді. Бұл – жарналардың осы түрінің артықшылықтарының бірі.

- Ерікті зейнетақы жарналарын қалай аударуға болады? Мұны жұмыс беруші жасай ала ма?

- Ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) жеке және заңды тұлғалар аударалады. Жеке тұлғалар қаражатты өз табысы есебінен өз пайдасына және (немесе) жақындары үшін аударса, заңды тұлғалар өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына аударалады.

Ерікті зейнетақы жарналарын екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ жұмыс берушіге өтініш беру арқылы аударуға болады. Өтініш негізінде қаражатты жұмыс беруші Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) көрсетілген тұлғаның пайдасына аударалады.

ЕЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ – шот алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ:

- агенттер ЕЗЖ аударған кезде ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде;

- жеке тұлға өзінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына алғашқы жарна аударған кезде өтінішсіз ашылады.

- Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдерді қашан және қалай алуға болады?

- ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толғанға дейін – 50 жастан бастап алуға болады. Сонымен қатар, олар мүгедектің бар адамдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Елу жасқа толған немесе мүгедектігі бар адамдарға ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алу туралы өтінішті БЖЗҚ-ға enr.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинет арқылы, сондай-ақ Қордың кез келген бөлімшесіне барып тапсыру қажет.

ЕЗЖ есебінен төлем алу тәртібі туралы толық ақпарат БЖЗҚ сайтындағы «Қызметтер»/«ЕЗЖ есебінен төлемдер» бөлімінде жарияланған.

Барлық жарна түрлері есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасын enr.kz сайтындағы жеке кабинетте 24/7 режимінде қадағалауға болады.

- Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері қандай жағдайларда автоматты түрде тағайындалады?

- Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта және БЖЗҚ-ның зейнетақы қағидаларында айқындалған тәртіп пен талаптарға сай жүргізіледі. 2026 жылғы наурыз айынан бастап елу жасқа толуына немесе мүгедектікке байланысты төлем алу үшін бұрын БЖЗҚ-ға жүгінбеген, бірақ БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары бар және зейнеткерлік жасқа жеткен тұлғаларға ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін тағайындаудың өтінішісін төртінші деңгейдегі банктерден алуға болады.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін (егер бар болса) тағайындаудың өтінішсіз тәртібі:

- зейнеткерлік жасқа толуына байланысты мемлекеттік бюджеттен төленетін зейнетақыны, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен төлемдерді алу үшін белгіленген тәртіпін Мемлекеттік корпорацияға өтініш білдірген кезде;

- ЕЗЖ есебінен төлемдерді проактивті қызмет шеңберінде жүзеге асыру, бұл ретте жыл сайын Мемлекеттік корпорациямен жүргізілетін салыстырып тексеру нәтижелері бойынша көрсетілген тұлғалардың халықтық әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің бар-жоғын анықтау негізге алынады.

Өтінішсіз тәртіп зейнет жасына толған тұлғаларға қатысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында енгізілді. Бұл жаңашылдық ЕЗЖ есебінен төленетін зейнетақы төлемдерін оңтайландырып, жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен, бірақ елу жасқа толуына немесе мүгедектікке байланысты бұрын БЖЗҚ-ға төлем алу үшін жүгінбеген тұлғалардың ЕЗЖ есебіндегі зейнетақы жинақтарының талап етілмей қалу тәуекелін болдырмайды.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері, егер ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса (2026 жылы – 828 588 теңге (12 × 69 049)), біржолғы тәртіппен жүзеге асырылады немесе міндетті жарналар түрлері есебінен төленетін төлемдермен қатар ай сайынғы кесте бойынша зейнетақы жинақтары толық таусылғанға дейін төленеді. Сонымен қатар, алушы БЖЗҚ-ға ЕЗЖ есебінен төлемдерді жүзеге асыру шарттарын өзгерту туралы өтінішпен жүгінуге құқылы

- Ерікті зейнетақы жарналары мұраға беріле ме?

- Зейнетақы жинақтары, оның ішінде ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинағы бар адам қайтыс болған жағдайда, оның зейнетақы жинағы Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Атап айтқанда, зейнетақы жинақтарын мұраға беру өсиет немесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған кезде немесе бүкіл мұраның тағдырын анықтай алмаған кезде, сондай-ақ, басқа жағдайларда мұрагерлік заң күшіне енеді.

- Ерікті зейнетақы жарналары инвестицияланады ма? Оларды инвестициялық портфельді басқарушыларға аударуға бола ма?

- Ерікті зейнетақы жарналары да, міндетті зейнетақы жарналарының барлық түрлері сияқты инвестицияланып, салымшыларға табыс өкеледі. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады. Десек те, салымшылар зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) аударуға құқылы. Олар кірістілік пен тәуекелді түрлі деңгейлеріне ие сан алуан инвестициялық стратегияларды ұсынады. Егер ИПБ-ға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50%-ға дейінгі мөлшерін аударуға рұқсат етілсе, ерікті зейнетақы жинақтарын толық аударуға болады.

Зейнетақы жинағының бір бөлігін ИПБ-ға аудару салымшының өтініші бойынша жүргізіледі. Оны Қор сайтындағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ-ның кез келген филиалында электрондық форматта беруге болады. Инвестициялау нәтижелері бойынша басқарушы компанияны өзгертуге болады, бірақ мұндай мүмкіндік жылына бір рет қана беріледі. Осылайша, зейнетақы активтерін басқаруға қатысу – ЕЗЖ-ның тағы бір артықшылығы.

ОНЛАЙН САҚТАНДЫРУ ЗАҢДЫ МА?

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) интернет-ресурстарды мониторингтеу барысында Интернет желісінде өздерін сақтандыру ұйымдарының ресурстары ретінде көрсететін әлеуметтік желілердегі сайттар мен парақшалар арқылы сақтандыру қызметтерін көрсету туралы ақпаратты тарату фактілерінің анықталғанын хабарлайды.

Көрсетілген интернет-ресурстар жекелеген жағдайларда Қазақстан Республикасының лицензияланған сақтандыру ұйымдарының атауларын пайдаланып, сақтандыру полистерін, оның ішінде көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша (КҚИ АҚЖМ) онлайн-рәсімдеуді ұсынады.

Бұдан басқа, мұндай полистерді белгіленген тарифтерден жоғары бағамен сату жағдайлары анықталуда.

Сонымен қатар мұндай қызметтерді ұсынатын жеке тұлғаларда Агенттіктің сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға лицензиясы жоқ екені және сақтандыру агенттері ретінде тіркелмегені анықталды.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру агенттерінің делдалдық қызметін жүзеге асыруға жол берілмейді.

Мұндай полистерді лицензиясы бар сақтандыру компаниясы арқылы ғана рәсімдеуге болады.

Осыған байланысты Агенттік азаматтарды интернет арқылы сақтандыру шарттарын жасасу кезінде аса мұқият болуға шақырады.

QALQAN ПЛАТФОРМАСЫ МӘМС ЖҮЙЕСİNДЕ НЕНІ ӨЗГЕРТЕДІ?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру бағытында ауқымды цифрлық жаңғырту басталғанын жариялады. Трансформацияның негізгі құралына айналған Qalqan платформасы «МӘМС 2.0» моделінің технологиялық негізі ретінде енгізілуде.

Қазір Қор тарапынан денсаулық сақтау саласын қаржыландыру тетіктерін кезек-кезеңімен жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Оның басты мақсаты – МӘМС жүйесі қаражатын пайдалану кезінде ашықтықты, басқаруды және тиімділікті арттыру.

Qalqan денсаулық сақтауды қаржыландырудың бірыңғай порталы аталған жұмыстың технологиялық негізі болмақ. Платформа медициналық қызметтерді есепке алу, тексеру және төлеу сияқты қаржылық үрдістерді автоматтандыруға арналған. Бұл ретте ол медициналық ақпараттық жүйелерді алмастырмайды және емдеу-диагностикалық процестеріне әсер етпейді. Сонымен қатар, платформаны енгізу қолданыстағы мемлекеттік цифрлық инфрақұрылым негізінде жүзеге асырылатын және денсаулық сақтау жүйесі үшін қосымша шығындарды талап етпейтінін атап өткен жөн.

«Қазіргі таңда Қордың қызметі толық емес, тек жекелеген бағыттар бойынша ғана цифрландырылған әрі жүйесіз сипатта жүзеге асырылып отыр. Қолданыстағы ақпараттық жүйелер жекелеген үдерістерді автоматтандыранымен, олардың арасында өзара байланыс жеткіліксіз. Соның салдарынан операциялардың біршама бөлігі әлі де қолмен орындалып, негізгі шешімдер әртүрлі, өзара үйлеспейтін деректерге сүйене отырып қабылданады. Осы ретте Қордың алдында басқаруды толыққанды цифрлық модельге көшу міндеті тұр, – деп атап өтті Индира Ерденова.

Qalqan платформасын іске қосу Қордың әдіснамалық қолдауымен «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ тарапынан кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Бірінші кезеңде келесі жұмыстар атқарылды:

- деректерді автоматты түрде тексеру отырып, медициналық ұйымдардың электрондық дерекқорын қалыптастыру;
- пациенттерді цифрлық сәйкестендіру жүйесі (Face ID, QR арқылы растау) іске қосылды;
- денсаулық сақтау саласындағы негізгі ақпараттық жүйелермен интеграция қамтамасыз етілді.

Осы жылдың 17 сәуірінде Астана қаласы әкімдігінің «№1 қалалық емхана» ШЖК МКК-не көрсетілген қызметтер үшін төлем Qalqan платформасы арқылы жүзеге асырылды. Екінші кезеңде жүйені кең ауқымда енгізу, медициналық ұйымдарды санаттарға бөлу алгоритмдерін іске қосу және сол санаттарға сәйкес қаржыландыру, сондай-ақ талдау және болжау құралдарын, оның ішінде ақауларды бақылау мен талдауға арналған жасанды интеллект элементтерін енгізу жоспарлануда. Бұл жұмыстар 2026 жылдың соңына дейін аяқталады.

«Qalqan платформасын енгізу – бұл жай ғана IT құралын ауыстыру емес, денсаулық сақтау ресурстарын басқарудың сапалы және деңгейіне көшу. Біз алдын ала бақылауды енгізіп отырмыз: жүйе шот қалыптастыру кезеңінде-ақ сәйкессіздіктер мен ақауларды автоматты түрде анықтайды. Адал жұмыс істейтін клиникалар «жасыл дәліз» деп белгіленіп, соған сай төлемдерді уақытылы алса, мемлекет үшін МӘМС қаражатының нақты көрсетілген медициналық көмекке жұмсалыуына кепілдік береді», – деп атап өтті Индира Ерденова.

Ең маңызды жанашылдықтардың бірі – «халықтық бақылау» құралдарын іске қосу болмақ. Осы бағытта Қазақстан Республикасының Цифрлық даму,

инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бірлесіп, eGov Mobile қосымшасында арнайы сервистерді енгізу жұмыстарын жүргізуде.

Азаматтар үшін қандай өзгерістер болады:

- **QR арқылы растау:** Пациент көрсетілген қызметті QR-код арқылы растай алады. Бұл «жалған жазбаларға» тосқауыл қояды, себебі көрсетілген қызмет үшін төлем жасау мүмкін болмайды.
- **Қызметтердің цифрлық профілі:** Жеке кабинетте нақты адамға көрсетілген медициналық қызметтер үшін Қор тарапынан жасалған төлемдер туралы ақпарат болады.

- **Кері байланыс:** Азаматтар өтініштерді жедел жолдап, артық немесе қате аударылған жарналарды смартфон арқылы қайтару мүмкіндігіне ие болады.

Қорда атап өткендей, Qalqan платформасы қолданыстағы мемлекеттік инфрақұрылым негізінде (ҚР Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік тізілімі» ақпараттық жүйесі) енгізілуде, бұл денсаулық сақтау бюджетіне қосымша салмақ түсірмейді.

Деректер қауіпсіздігі – басты басымдықтардың бірі. Платформа диагносттар мен емдеу барысы туралы мәліметтерді сақтамайды – бұл ақпарат медициналық ұйымдардың қорғауында қалады. Qalqan тек қорғалған мемлекеттік байланыс арналары арқылы қаржылық-талдамалық деректермен жұмыс істейді.

Qalqan платформасы МӘМС жүйесінің «цифрлық қалқанына» айналуда. Ол пациенттердің құқықтарын қорғап, қызметтердің ашықтығын қамтамасыз етеді, адал бизнеске төлемдерді автоматтандыру арқылы қолдау көрсетеді және мемлекетке денсаулық сақтау саласындағы шығындарды тиімді бақылауға мүмкіндік береді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ баспасөз қызметі

БАНКТІК ШОТ БҰФАТТАЛҒАН КЕЗДЕ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Банктік шотты бұғаттау - банк клиенті тап болуы мүмкін жағдай. Бұғаттаудың себептері әртүрлі болуы мүмкін: техникалық ірікідістерден бастап заңнаманы бұзуына күдік келтіруге дейін.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мұндай жағдайларда қалай әрекет ету керектігін еске салады.

Шотты бұғаттаудың ықтимал себептері:

- алаяқтық немесе әдеттен тыс операцияларға күдіктің болуы (мысалы, ірі немесе жиі аударымдар, әсіресе шетелден);

- мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша бұғаттау (салық қызметі, сот орындаушылар, қаржы мониторингі органдары);
- банк жүйесіндегі техникалық ақау немесе қате;
- қате ПИН-кодты енгізу, картаның қолданыс мерзімінің аяқталуы.

Егер шот бұғатталған болса не істеу керек?
Егер сіз шотқа қолжетімділік шектелгенін байқасаңыз, бірінші кезекте банктің мобильдік

қосымшасындағы хабарламаларды тексеріңіз - себебі сол жерде көрсетілуі мүмкін.

Банкпен колл-орталық арқылы байланысыңыз немесе толық ақпарат алу үшін жақын жердегі бөлімшеге хабарласыңыз. Кіруді қалпына келтіру үшін қандай әрекеттер қажет екенін анықтаңыз. eGov.kz немесе салық төлеушінің кабинеті арқылы ықтимал берешектің болуын тексеріңіз. Қажет болған жағдайда қаражаттың шығу көзін растайтын құжаттарды дайындаңыз және ұсыныңыз.

Бұғаттау тәуекелін қалайша төмендетуге болады?

- кәсіпкерлік қызмет үшін жеке шотты пайдаланбаңыз;
- ірі аударымдар және өзге де әдеттегіден тыс операциялар туралы банкке алдын ала хабарлаңыз;
- дербес деректердің өзектілігін және құжаттардың қолданыс мерзімдерін қадағалаңыз;
- берешектің болуын үнемі тексеріп отырыңыз және оларды уақтылы төлеңіз.

АЯҚСУ АРНАСЫНА ТҮСТІ

Қала инфрақұрылымын жаңғырту – өңірдің тұрақты дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі саналады. Осы ретте Қызылорда қаласында арық жүйелері мен су айдайтын насос қондырғыларын тиімді пайдалану, оларды жаңғырту және күтіп-ұстау жұмыстары ерекше маңызға ие. Өйткені бұл бағыттағы жұмыстар тек санитарлық тазалықты қамтамасыз етіп қана қоймай, қала тұрғындарының өмір сапасын арттыруға тікелей ықпал ететіні аян.

Жалпы қала аумағындағы арық жүйелері – көгалдандыру, абаттандыру және экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың негізгі тетігі болып табылады. Әсіресе жаз мезгілінде жасыл желектерді суару, шаң-тозаңды азайту және микроклиматты қалыптастыру үшін аяқ судың маңызы зор. Осы қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында 18 су айдайтын насос қондырғысы қарастырылған. Қаладағы 12 орында орналасқан қондырғылар арық жүйелеріне тұрақты түрде су жеткізіп, қала тынысын ашуға сеп болып тұр.

Қала әкімдігінің мәліметіне сәйкес, бүгінгі күні 10 нысандағы 13 насос қондырғысы толық қуатында жұмыс істеп тұр. Бұл – қаладағы негізгі көшелер мен тұрғын алаптарды аяқ сумен қамтуға мүмкіндік беруде. Ал қалған насос қондырғылары нақты уақытта техникалық тексерістен өтіп жатқанын мәлімдейді. Мамандардың айтуынша, оларды іске қосу жұмыстары жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде жүйені толыққанды әрі тұрақты жұмыс істеуіне жол ашады.

Негізінен қала аумағында жалпы ұзындығы 98,6 шақырымды құрайтын 68 көшеде арық жүйелері бар екен. Қазіргі уақытта қаланың едәуір бөлігін қамтитын ауқымды инфрақұрылымдық желінің 64,2 шақырымы, яғни 38 көше толықтай аяқ сумен қамтамасыз етілген. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта артып, барлық көшелерді аяқсумен қамту көзделіп отыр.

Аталған көшелердің қатарында аяқсумен қамтудың негізгі тірегіне айналған Сарқырама каналы да бар. Бұл канал тек су жеткізу нысаны ғана емес, сонымен қатар қала көрікіне сән беретін маңызды элементтердің бірі саналады. Канал арқылы ағатын су айналадағы жасыл аймақтардың жандануына ықпал етіп, қаланың эстетикалық келбетін арттыруына ықпалы зор.

Арық жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі олардың тұрақты түрде тазаланып, күтім жасалуы жоғары маңызға ие. Бұл тұрғыда Қызылорда тазалығы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының маңызы жоғары. Міндетті талапты орындауға кәсіпорын тарапынан арнайы 2 бригада құрылып, күнделікті негізде арықтар мен каналдарды тазалау, лай-қоқыстан арылту және су өткізу қабілетін арттыру жұмыстарымен айналысып жатқанын алға тартады.

Тазалау жұмыстарының жүйелі жүргізілуі бірінші кезекте су қозғалысының кедергісіз болуын қамтамасыз ететіні баршаға аян. Өйткені арықтар уақытылы тазаланбаса, су жүрісі баяулап, кей жағдайда мүлде тоқтап қалуы ықтимал. Соның салдарынан санитарлық жағдайдың нашарлауы, жағымсыз иістердің пайда болуы және көгалдандыру жұмыстарының әлсіреуі бек мүмкін. Сондықтан да бұл бағыттағы жұмыстардың маңызы ерекше.

Кейінгі кездері қала аумағындағы арық жүйелерін жаңғырту назардан тыс емес. Соның негізінде ескі, тозығы жеткен арықтар кезең-кезеңімен жаңартылып, заманауи талаптарға сай қайта салынып жатыр. Бұл жұмыстар су ысырабының алдын алуға, сондай-ақ жүйенің ұзақ мерзімді, әрі тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік беретінін айтады.

Сонымен қатар насос қондырғыларын жаңарту және олардың қуатын арттыру бағытындағы жұмыстар да жүйелі. Бұл тұрғыда заманауи технологияларды енгізу арқылы энергия үнемдеу, су айдау тиімділігін арттыру және қызмет көрсету шығындарын азайтуға басымдық беріліп отыр. Сала мамандары мұны коммуналдық саладағы инновациялық тәсілдердің бір көрінісі ретінде түсіндіреді.

Жалпы қала аумағындағы арық жүйелерін дамыту тек коммуналдық қызметтердің ғана міндеті емес, барша тұрғындардың ортақ жауапкершілігі ретінде қарастырылады. Алайда, мамандар кей жағдайда арықтарға тұрақты қалдырғыларды тастау, ластау деректері жиі кездесетінін



алға тартады. Соның салдарынан су ағымына кедергі келтіріліп, қала тазалығына кері әсер ететіні жасырын емес. Сол себепті тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тазалыққа жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру маңыздылығын жойған емес.

Соған сәйкес қала әкімдігі тарапынан түсіндіру жұмыстары да тұрақты түрде жүргізіліп жатқанын алға тартады. Сол арқылы арық жүйелерін лаптамау, қоршаған ортаны таза ұстау жөнінде үнемі ақпарат беріліп келеді. Бұл шаралар қоғамда экологиялық сананы қалыптастыруға ықпал зор деп есептейді.

Жалпы бүгінгі таңда Қызылорда қаласындағы арық жүйелері мен насос қондырғыларын дамыту жұмыстары кешенді түрде жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағыттағы әрбір қадам қала

тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға, экологиялық ахуалды жақсартуға және қаланың көркін келтіруге бағытталып отыр.

Мамандардың айтуынша, алдағы уақытта да бұл жұмыстар жалғасын тауып, қаладағы барлық көшелер толықтай аяқ сумен қамтамасыз етіледі деген жоспар бар. Сонымен бірге, арық жүйелерін цифрландыру, автоматтандыру сияқты жаңа жобаларды іске асыру да күн тәртібінен түспек емес.

Бір сөзбен айтқанда, арық жүйелері мен насос қондырғылары қаланың аса маңызды инфрақұрылымдық желілерінің бірі саналады. Сондықтан оларды тиімді пайдалану, уақытылы жаңғырту және күтіп-ұстау жұмыстары басты талаптың біріне айналып тұр.

Е. ЖАЛҒАСБАЕВ

УАҚЫТ ТАЛАБЫ - ЗАМАНАУИ БАЗАР

Биыл Қызылорда қаласында сауда инфрақұрылымын жаңғырту бағытында кешенді жұмыстар қолға алына бастады. Бұл бастама қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беріп, кәсіпкерлік ортаның дамуына жаңа мүмкіндіктер ашып отыр.

Мамандар базар аумағында инженерлік желілерді көшіру жұмыстары жоспарланып, тиісті келісімдер жүргізіліп жатқанын алға тартады. Бүгінде қауіпсіздік талаптарына сай құрылыс аумағы қоршалып, ақпараттық баннерлер орнатылған.



ҚАЛА БАЗАРЛАРЫ ҚАЙТА ТҮЛЕЙДІ

Бүгінде қала бойынша 4 ембебап сауда базары арнайы Жол картасына енгізіліп, кезең-кезеңімен жаңғыртудан өткізіліп жатыр. Осы жоба арқылы жүйесіз орналасқан, талапқа сай келмейтін ескі сауда орындары заманауи талаптарға сәйкес келетін жаңа форматқа көшеді.

Негізінен сауда базарлары – қала тіршілігінің ажырамас бөлігі саналады. Өйткені күнделікті тіршілікте мыңдаған тұрғын қажетті тауарларын осы орындардан сатып алады. Сондықтан базарлардың жағдайы, ондағы тазалық, қауіпсіздік, қолайлылық мәселелері өзектілігін жоймайтыны әмбебап аян.

Шынтуайтында, көп жылдар бойы кейбір базарларда инфрақұрылымның тозуы, ретсіз сауда қатарларының артуы, санитарлық талаптардың сақталмауы сияқты мәселелер қордаланып тұр. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлердің де, тұтынушылардың да наразылығын тудырамы белгілі. Осы мәселелерді жүйелі түрде шешу мақсатында қолға алынған жаңғырту жұмыстары бүгінгі күні нақты нәтижесін беріп келеді.

«СҰЛТАН» БАЗАРЫ СҰРАНЫСҚА САЙ

Қаладағы ірі сауда нысандарының бірі – «Сұлтан» базарының мәні айрықша. Қазіргі уақытта бұл сауда орында құрылыс жұмыстарының қарқыны көрініс тауып отыр. Атап айтқанда «Сұлтан-2» базарында электр және жылу жүйелері толық жаңартылып, заманауи талаптарға сай инженерлік инфрақұрылым қалыптастырылған. Бұдан бөлек санитарлық талаптарға сәйкес жаңа ежетханалар орнатылып, тазалық мәселесі жүйеленген.

Сауда қатарларын ретке келтіру жұмыстары да назардан тыс емес. Бүгінде бейберекет орналасқан сауда орындары белгілі бір тәртіпке келтіріліп, сатып алушылар үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға бетбұрыс байқалады.

Қала әкімдігінің мәліметіне сәйкес жер қатынастары саласындағы түйткілдер де шешімін тауып келеді. Оның ішінде кадастрлық құжаттарды реттеу, жаңа жер актілерін алу жұмыстарында серпін бар. Сонымен қатар «Сұлтан-1» және «Сұлтан-2» базарларының біріктірілуі басқару тиімділігін арттырып отырғаны айтылады.

Осы орайда автотұрақ мәселесі де кезең-кезеңімен шешіліп жатқанын айта кеткен абзал. Бұл базар маңындағы көлік қозғалысын реттеп, кептелісті азайтуға сеп болды.

«СЫБАҒА» БАЗАРЫНЫҢ ЖАҢАША ЖОСПАРЫ

Көп жылдан бері «Сыбаға» базарын қайта жоспарлау өздігінен сұранып тұрғаны белгілі. Оның ішінде киім-кешек және аяқ киім секторларындағы ескі сауда қатарларын толықтай бұзып, олардың орнына жаңа форматтағы павильондар салу жоспарда болды.

Қазіргі таңда жоспарлы жұмыстар қарқын алды. Соның негізінде шамамен 200 кәсіпкер уақытша басқа орындарға көшірілді.

«ТАЛҒАТ» БАЗАРЫ ЖАҢА ҒИМАРАТТА

«Талғат» базарының жаңғыртылуы – қаланың сауда саласындағы ірі жобалардың бірі. Базардың бірінші бөлігі толықтай бұзылып, оның орнына жаңа сауда кешені салынууда.

Жаңа нысанның жобасы заманауи талаптарға толық сәйкес келеді. Екі қабатты ғимаратта мансард және цокольдық қабат қарастырылған. Жалпы аумағы 1000 шаршы метр болатын бұл кешен кәсіпкерлер мен тұтынушылар үшін барлық қажетті жағдаймен қамтамасыз етіледі.

Құрылыс жұмыстарына байланысты бұрынғы саудагерлер уақытша басқа орындарға көшіріліп, олардың қызметін жалғастыруына мүмкіндік жасалған.

Жаңа базар іске қосылғаннан кейін сауда мәдениеті жаңа деңгейге көтеріледі деген үміт зор.

«АСБОЛ» БАЗАРЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Қаладағы кезекті сауда орны «Асбол» базарын жаңғырту жобасы да қаржы институттарының қолдауымен жүзеге асырылып жатқаны мәлім болды. Нақты айтқанда «ForteBank» тарапынан қаржыландырылған бұл жоба мемлекеттік және жеке сектор әріптестігінің ықпалымен қолға алынған.

Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Оның ішінде бетон құю, іргетас қалау сияқты негізгі жұмыстар бастау алған.

Жоспарлы жұмыстар талапқа сай жүргізілсе жоба аяқталғаны соң аталмыш базар заманауи талапқа сай сауда орнына айналады деп күтілуде. Мұнда қауіпсіздік, санитария, қызмет көрсету сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ету жоспары қарастырылған.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМЫ

Негізінен сауда базарларын жаңғырту бастамасы кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған маңызды қадам ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бұл жобалар жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді деп күтілуде. Сондай-ақ, жаңғыртылған базарлар қаланың сәулеттік келбетіне де оң өзгеріс әкеледі деген үміт зор. Яғни, тозығы жеткен нысандардың орнына заманауи, эстетикалық талаптарға сай ғимараттардың салынуы қаланың көркін арттыра түсетіні сөзсіз.

Тұрғындар үшін де бұл өзгерістердің маңызы зор. Өйткені таза, жарық, қауіпсіз ортада сауда жасау күнделікті өмір сапасын жақсартып қана қоймай, қоғамдық тәртіптің сақталуына да оң әсер етеді дейді мамандар.

Жалпы Қызылорда қаласындағы сауда инфрақұрылымын жаңғырту стратегиялық маңызы зор жоба саналады. Бұл бастама қала экономикасының дамуына, кәсіпкерліктің өркендеуіне және тұрғындардың әл-ауқатының артуына тікелей ықпал етеді.

Алдағы уақытта толық жаңғыртудан өткен базарлар тек сауда орны ғана емес, заманауи қызмет көрсету орталығына айналатыны сөзсіз. Бұл – Сыр өңірінің дамуына қосылған маңызды үлес, келешекке бағытталған нақты қадам ретінде жоғары маңызға ие.

Е. ТАҒЫБЕРГЕН

АХАТОВ АЛДАҒЫ ҚЫСҚА ҚАМДАНУДА

Алдағы қыс қамын қамдаған кезекті Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің төрағалығымен облыста да мәжіліс өтіп, жылу беру маусымының қорытындысы және алдағы қысқа кезеңге дайындық барысы талқыланды. Маңызды жиындағы міндеттер бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов бұл мәселенің өзектілігіне байланысты тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Қалада 1 623 нысан орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Жыл сайын барлық жылу қазандықтары жылу беру маусымына дейін дайындықтан өтеді. Биылғы жылу беру маусымында жоспарланған қатты отын көлемінің қоры 59 мың тонна болып белгіленсе, бұл кезеңде көмір қоры бойынша ешқандай мәселе туындаған жоқ. Алдағы уақытта да осы бағыттағы шаралар жүйелі жүргізілетін болады.

– Қала аумағындағы және кенттер мен ауылдық округтердегі әлеуметтік нысан қазандықтарының толық дайындығы мен отын қорының жасақталуы қатаң бақылауға алынып, жылыту маусымына толық дайын болуы қажет. Келер жылға осы бастан көмір жеткізушілермен келісім-шарттарды уақытылы жасасып, логистикалық мәселелерді алдын ала шешу маңызды, – деді Нұржан Сәбитұлы. Жиында күн тәртібінен тыс бірқатар мәселе талқыланды. Соның бірі – қаланың тазалығына қатысты. Бұл орайда тұрғындардың өмір сүру сапасы мен өңірдің өн бойының айнасы – санитарлық жағдайды және абаттандыруды тұрақты жүргізудің маңызына тоқталды.

–Мемлекет Басшысының бастамасымен бастау алған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясындағы жұмыстарды жүйелі түрде атқару – басты міндеттің бірегейі. Бұл облыс әкімінің тікелей бақылауында тұрған мәселе. Сондықтан тазалық талабын бұзған жағдайлар болса, заң шеңберінде шара көруге тиіспіз, – деді шаһар басшысы.

Отырыста алдағы атаулы күндерді айшықты, мәнді өткізу бойынша тиісті сала басшыларына тапсырма жүктелді.

«ҚҰРЫЛЫСҚА» ЖАҢА БАСШЫ КЕЛДІ

Бүгін қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен өткен мәжілісте қалалық құрылыс бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалған Мүбәрәк Ердеулет Бекмұратұлы таныстырылды.

Ердеулет Бекмұратұлы Қызылорда облысында дүниеге келген. Халықаралық білім беру корпорациясын «Сәулет және құрылыс» мамандығы, «Болашақ» университетін «Құқық» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2017 жылы «НС және К Сервис» жауапкершілігі шектеулі

серіктестігінде директордың орынбасары ретінде бастаған.

2019-2025 жылдары қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің статисті, бас маманы, қала әкімінің көмекшісі, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. 2025 жылдан бастап Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

Шаһар басшысы Ердеулет Бекмұратұлының жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ МЕН 9 МАМЫР – ЖЕҢІС КҮНІН АТАП ӨТУГЕ АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ӨТЕТІН ІС-ШАРАЛАР ТІЗБЕГІ

№	Іс-шара атауы	Өтетін орны	Мерзімі, уақыты
1.	Ұлы Жеңіске арналған «Ұрпаққа ұран болған - Ұлы Жеңіс» атты шара	Тағзым алаңы	9 мамыр Сағат 9.00
2.	Ұлы Жеңіске арналған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсімі	Ақсуат ауылдық округіндегі Тағзым алаңы	7 мамыр Сағат 9.00 сағат 10.00
3.	7 мамыр – Отан қорғаушы күні және 9 мамыр – Ұлы жеңіс күні мерекесіне орай «Жеңіске жеткен бейбіт күн» атты ақындар айтысы	Ақсуат ауылдық округіндегі Тағзым алаңы	7 мамыр Сағат 10.00
4.	9 мамыр - Жеңіс күніне арналған «Ұрпақтар ұмытпайтын - Ұлы Жеңіс!» атты мерекелік іс-шара.	Қызылжарма ауылдық округіндегі Тағзым алаңы	8 мамыр Сағат 10.00
5.	9 мамыр – Жеңіс күніне орай «Ұрпаққа ұран болған - ұлы жеңіс» атты концерттік бағдарлама	Белкөл кентіндегі тағзым алаңы	7 мамыр Сағат 09.30
6.	9 мамыр – Жеңіс күніне орай «Ешкім де, ештеңе де ұмытпаймайды» атты еске алу кеші	Қарауылтөбе ауылдық округіндегі Тағзым алаңы	8 мамыр Сағат 10.00
7.	9 мамыр – Жеңіс күніне орай «Бейбіт күн жасасын әлемде!» атты іс-шара	Абай ауылындағы Тағзым алаңы	8 мамыр Сағат 10.00